

Стоматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды аккредиттеу стандарттары (1 нұсқасы)
Стандарты аккредитации медицинских организаций, оказывающих стоматологическую помощь (версия 1)
Авторское право АСQH

1 тарау. Басшылық

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
1. Медициналық ұйымның басқару органы. Басқару органының функциялары (Бақылау Кеңесі, Директорлар кеңесі, медициналық ұйымның құрылтайшы(лары) регламенттелген және оның медициналық ұйымды басқаруға қатысуын қамтамасыз етеді		
1)	Медициналық ұйымның бірінші басшысына (басшыларына) берілген өкілеттіктерді қоса алғанда, басқару органының құрылымы мен функциялары медициналық ұйымның Жарғысында (Ережесінде) жазылған **	III
2)	Медициналық ұйымның Басқару органының мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сайланады ***	III
3)	Басқару органы бюджетпен байланысты стратегиялық жоспар мен жоспарларды бекіту немесе келісу арқылы медициналық ұйымды дамытуға және оның қызметін бағыттауға қатысады	II
4)	Медициналық ұйым тоқсан сайын Басқару органына негізгі қызметтің нәтижелерін, сапаны үздіксіз жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы есептерді ұсынады; кемінде жарты жылда бір рет Басқару органына тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарды іске асыру туралы есептерді, сондай-ақ ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі комиссияның есептерін ұсынады **	II
5)	Басқару органы медициналық ұйымның бірінші басшысының(ларының) жұмысын бағалау өлшемшарттарын бекітеді және жыл сайын жүргізеді** Басқару органын жоғары тұрған денсаулық сақтау органы немесе жоғары тұрған құрылтайшы жыл сайынғы негізде бағалайды**. Медициналық ұйымды басқарудың жоғары деңгейі болып табылатын Басқару органы өз қызметін жыл сайынғы өзін-өзі бағалау түрінде бағалайды (жеке ұйымдағы Басқару органы жеке түрде ұсынылған жағдайларды қоса алғанда) **.	III
2. Стратегиялық және операциялық жоспарлау. Медициналық ұйымның басшылары медициналық ұйымның қызметін белгіленген жоспарлар мен міндеттер негізінде жүзеге асырады		
1)	Медициналық ұйымның стратегиялық жоспарында миссия, пайым, құндылықтар, стратегиялық мақсаттар, міндеттер мен міндеттерді орындау индикаторлары мазмұндалады**. Медициналық ұйымның миссиясы мен пайымы оның қызметкерлері мен халқы үшін қол жетімді болып табылады.	III
2)	Стратегиялық жоспардың негізінде белгіленген индикаторлармен медициналық ұйымның жылдық жоспары (операциялық жоспары) әзірленеді және бекітіледі.	III
3)	Жылдық жоспар клиникалық қызметтердің іс-шараларын, қаржылық жоспарларды, анықталған тәуекелдерді ескереді	III
4)	Жауапты тұлға жылдық жоспар іс-шараларының орындалуын жинақтауды және жылдық жоспардың іс-шараларының орындалуын кем дегенде тоқсан сайынғы негізде кейіннен ұйым басшылығына ұсынумен мониторинг жүргізеді.	III

5)	Құрылымдық бөлімшелердің басшылары қойылған міндеттердің орындалуы және жылдық жоспардың индикаторлары бойынша қажетті нәтижелерге жету туралы жауапты тұлғаға кемінде тоқсан сайын есеп береді **	II
3. Ұйымдық құрылым. Ұйымдық құрылым схема түрінде ұсынылады және медициналық ұйымның миссиясын жүзеге асыру үшін қажетті позицияларды қамтамасыз етеді.		
1)	Ұйымдық құрылым схема түрінде ұсынылады, құрылымдық бөлімшелер мен басшылықтың, сондай-ақ жұмыс істейтін комиссиялардың және (немесе) комитеттердің есептілігі мен өзара байланысын көрсетеді. Ұйымдық құрылымды медициналық ұйымның басшылығы бекітеді және ұйым персоналының назарына жеткізіледі **.	III
2)	Ұйымдық құрылымда медициналық ұйымға жалпы басшылықты жүзеге асыратын және емдеу-профилактикалық қызметті бақылауды жүзеге асыратын ұстаным айқындама көрсетіледі.	II
3)	Ұйымдық құрылымда мейіргерлік күтімді бақылауды жүзеге асыратын айқындама көрсетіледі.	I
4)	Ұйымдық құрылымда медициналық қызмет көрсету сапасын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын айқындама көрсетіледі. Сапаны басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымның жауапты тұлғасы сапаны үздіксіз жақсарту жөніндегі жоспардың мониторингіне жауапты, сапаны жақсарту саласында қажетті дағдылар мен білімге ие болып табылады.	I
5)	Ұйымдық құрылымда жоспарлауды, мониторингті және бақылауды қоса алғанда, қаржы ресурстарын тиімді басқаруды бақылауды жүзеге асыратын айқындама көрсетіледі.	III
4. Әдеп нормалары. Ұйымның әдеп нормалары анықталады және сақталады		
1)	Медициналық ұйымда пациентке медициналық қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ ұжым ішіндегі өзара әрекеттесу кезінде персоналдың мінез-құлық ережелерін реттейтін әдеп нормалары айқындалады.	III
2)	Медициналық ұйымда емдеуді тоқтатуға байланысты даулы шешімдерді, әдеп кодексін және медициналық ұйымның нормаларын бұзуға байланысты негізделген шағымдарды қоса алғанда, медициналық көмек көрсету кезінде туындайтын әдеп мәселелерін қарау үшін Әдеп комиссиясы құрылған**. Емдеуге байланысты даулы шешімдерді қарау кезінде Әдеп комиссиясы егер олар бастапқыда әдеп комиссияның құрамына енгізілмесе медицинаның тиісті және сабақтас салаларындағы мамандарды, сондай-ақ пациентті және (немесе) оның өкілін қамтиды.	III
3)	Медициналық ұйымда ұжымдағы өзара іс-қимылды (зорлық-зомбылық, нәпсілік дәмелену, қудалау сияқты жағдайлар) қоса алғанда (осы Стандарттың 5-тармағының 1), 3) тармақшаларын қарау), Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа да жағдайларды қамтитын әдеп мәселелері бойынша анықтау, уақытылы талдау және шаралар қабылдау процестері енгізілген. Әдеп комиссиясы немесе басқа комиссия жоғарыда аталған жағдайларды талдауға қатысады **	II
4)	Медициналық ұйымның персоналы медициналық ұйымда Әдеп кодексінің нормалары мәселелері бойынша оқытудан өтеді. Оқу оқиғаларға (қысым көрсету, қудалау) жауап ретінде басқару органын және (немесе) персоналдың уәкілетті органдарын әрекетсіздік жағдайлары туралы тікелей хабардар ету рәсімін қамтиды.	II
5)	Әдеп мәселелері бойынша талдау және шаралар қабылдау рәсімдері белгіленген мерзімдер шеңберінде жүргізіледі**.	III
5. Қауіпсіздік мәдениеті (пациенттің қауіпсіздігі кәсіби ынтымақтастықтан жоғары қойылатын ұжымдағы жазаланбайтын жағдай). Медициналық ұйымның басшылығы қауіпсіздік мәдениетін енгізеді және қолдайды, оқиғаларды анықтауды ынталандырады және жұмысты жақсарту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды		

1)	Медициналық ұйымда «қауіпсіздік мәдениетін» іске асыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар орындалады. Клиникалық қызметкерлер жазалану қаупі жоқ оқиғаларды толтыруды және тіркеуді қамтамасыз ететін жазаланбайтын жүйе туралы хабардар, сонымен қатар «әлеуетті қате», «қате», «экстремалды оқиға» анықтамаларын біледі.	I
2)	Медициналық ұйымда жоғары тәуекелді (сот ісін жүргізу қаупі жоғары) рәсімдер мен операцияларды орындайтын медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды (кепілдендіруді) қамтамасыз ету процесі енгізілген **.	I
3)	Медициналық ұйымда бекітілген рәсімдерге сәйкес оқиғаларды (әлеуеттік қатенің, қатенің, экстремалды оқиғаның құжатталған жағдайы) тіркеу және хабарлау процесі енгізілген *.	I
4)	Медициналық ұйымда оқиғаның негізгі себептерін зерделеу бойынша бақылауды, сондай-ақ персоналды оқиғаларды басқаруға оқытуды қоса алғанда, оқиғаларды мониторингілеуге және басқаруға жауапты тұлғалар (тұлға) айқындалған.	II
5)	Оқиға барысында зардап шеккен тараппен байланысты қоса алғанда, процестер мен қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында оқиғалардың негізгі себептерін сәйкестендіруді және оларды жүйелі шешуді қамтамасыз ететін зерделеу тетігі орындалады **.	I
6. Индикаторлар және сапаны жақсарту жоспары. Сапа индикаторларының мониторингі және сапаны үздіксіз жақсарту жөніндегі жоспардың орындалуы бойынша іс-шаралар іске асырылады		
1)	Медициналық ұйым Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес ішкі қызмет индикаторларының (бұдан әрі – ішкі сараптама индикаторлары), сондай – ақ аккредиттеу стандарттарымен талап етілетін сапаны арттыру индикаторларының (инфекциялық бақылау жүйесінің, дәрілік заттарды басқару жүйесінің, пациенттердің қауіпсіздігінің индикаторлары, бұдан әрі-аккредиттеу индикаторлары) орындалуын бақылайды. Ішкі сараптама индикаторлары мен аккредиттеу индикаторларына қол жеткізу бойынша көрсеткіштер медициналық ұйымның негізгі қызметі туралы тоқсандық есептеріне енгізіледі**.	I
2)	Ішкі сараптама индикаторлары мен аккредиттеу индикаторлары өлшенеді: есептеу формулалары әзірленеді (егер қолданылатын болса, белгілі бір алыммен және бөлгішпен), қажетті шекті мәндер анықталады; деректерді жинау және индикаторларды талдау жүргізіледі**.	II
3)	Медициналық ұйымның басшылығымен ішкі сараптама индикаторлары мен аккредиттеу индикаторлары қатарынан басым индикаторлар айқындалған, олардың сақталуы және шекті мәндерге қол жеткізу медициналық ұйым үшін бірінші кезекте болып табылады. Басым индикаторлардың шекті мәндері мен міндеттеріне, сондай-ақ басшылық айқындаған сапаны жақсарту жөніндегі басқа да іс-шараларға қол жеткізу үшін медициналық ұйым сапаны үздіксіз жақсарту жөніндегі жоспарды әзірлейді.	I
4)	Сапаны үздіксіз жақсарту жоспары мыналарды қамтиды: жақсарту жөніндегі іс-шараның (іс-шаралардың) атауы; іс-шараның (іс-шаралардың)мақсаты; мақсатқа жету үшін қажетті әрекеттер; жауапты тұлғалар; уақыт шеңбері. Сапаны жақсарту жөніндегі жоспар жеке құжат не операциялық жоспардың бір бөлігі болып табылады, ол тұрақты негізде жаңартылады және толықтырылады және мүдделі тараптардың (жоспардың іс-шарасын (іс-шараларын) іске асыруға тартылған және (немесе) мүдделі тұлғалардың) назарына жеткізіледі.	I
5)	Медициналық ұйымның бюджеті медициналық қызметтер сапасын үздіксіз жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін қажетті шығыстарды ескереді.	II

7. Сапаны басқару. Медициналық ұйымда сапаны бақылау жөніндегі іс-шаралар іске асырылады		
1)	Медициналық ұйымның басшылығы құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және қызметкерлермен бірлесе сапаны жақсарту құралдарын (мысалы, «PDCA циклі», «Исикава диаграммасы» және басқа құралдар) сапаны үздіксіз жақсарту шараларында қолданады.	II
2)	Медициналық қызметтердің сапасын үздіксіз жетілдіру бойынша құжатта «экстремалды оқиға» терминіне анықтама беріледі. Экстремалды оқиға міндетті тергеп-тексерілуі тиіс және оның нәтижелері туралы медициналық ұйымның басшысы және мүдделі тараптар, сондай-ақ медициналық ұйымның жоғары басшылығы ақпараттандырылады (тоқсандық есепте қабылданған шараларды көрсетумен) **	III
3)	Пациенттердің қанағаттануы немесе пациенттің тәжірибесі туралы сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері медициналық қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу кезінде ескеріледі *. Пациенттің тәжірибесіне сауалнама жүргізу пациенттен персоналдың медициналық ұйымның ережелерімен және аккредиттеу стандарттарымен регламенттелген іс-әрекеттерді сақтауы бойынша сұрақтарға объективті жауаптар алуды білдіреді (мысалы, сізге арнайы ақпараттандырылған келісімнің мазмұны түсіндірілді ме, соңғы рет қашан құлағаныңыз туралы сұрақ қойылды ма, тағайындалған дәрі-дәрмектің әсері, дәрігер тексеруден бұрын қолын өңдеді ме).	II
4)	Тиісті комиссиялардың отырыстарында күрделі клиникалық жағдайларға талдау жүргізіледі, олардың нәтижелері клиникалық қызметті жақсарту үшін қолданылады.	II
5)	Диагностика және емдеу хаттамаларын, сондай-ақ аккредиттеу стандарттарының талаптарын сақтау үшін стоматологиялық пациенттің медициналық карталарына клиникалық аудит жүргізіледі. Клиникалық аудит әдістемесі медициналық ұйымның ережелерінде анықталған, клиникалық аудит нәтижелері медициналық қызметтердің сапасын арттыру шараларын әзірлеу кезінде қолданылады *.	I
8. Тәуекелдерді басқару. Медициналық ұйымның басшылығы тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарламаны енгізуді қамтамасыз етеді		
1)	Медициналық ұйымда келесі элементтерді қамтитын бекітілген және орындалатын тәуекелдерді басқару бағдарламасы бар: құжаттың мақсаты мен міндеттері; тәуекелдерді бағалау әдісі; тәуекелдер тізілімі және (немесе) сәйкестендірілген тәуекелдердің теріс әсерін төмендететін шараларды сипаттайтын тәуекелдерді басқару жоспары; тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді бағалау, есептілік және мониторинг кезеңділігі үшін жауаптылар; тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бекітілген жауапты тұлға; тәуекелдер бойынша басқару органына есеп беру; персоналды оқыту бойынша талаптар; тәуекелдердің түрлері (стратегиялық, клиникалық, эпидемиологиялық, қаржылық, ғимараттың функционалдығы бойынша тәуекелдер және өзге де тәуекелдер); әрбір елеуді тәуекелге әрекет жасау талабы; тәуекелдер туралы мүдделі тараптармен у байланысу және хабарлау талабы; тәуекелдерді басқару жөніндегі бағдарламаны іске асырудағы персоналдың жауапкершілігі *	II
2)	Тәуекелдер тізілімі және (немесе) тәуекелдерді басқару жоспары медициналық көмек көрсетумен байланысты клиникалық тәуекелдерді (мысалы, биоматериалдарды сәйкестендіру және тасымалдау), сондай-ақ жоғары тәуекелді қызметтерді ұсынумен байланысты тәуекелдерді ескереді.	I

3)	Құрылымдық бөлімшелердің басшылары және медициналық ұйымның персоналы өзінің бөлімшелеріндегі өндірістік процесстердің клиникалық, техногендік және ұйымдастырушылық ерекшеліктері салдарынан туындауы мүмкін болатын қолайсыз оқиғалар туралы ақпараттандырылған.	I
4)	Медициналық ұйым тәуекелдерді үздіксіз бағалауды жүргізеді. Тәуекелдер туралы ақпарат көздері: оқиғалар (әлеуетті қате, қателер, экстремалды оқиға), медицина персоналы, бақылаулар, құжаттамаларды шолу, пациенттер және олардың заңды өкілдері **	II
5)	Медициналық ұйым тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді азайту немесе жою бағдарламасының іс-шараларын толыққанды іске асыру бойынша шараларды қабылдайды (жоспар жыл ішінде құрылады, жаңартылады және түзетіледі) **	II
9. Клиникалық хаттамалар. Медициналық ұйымның басшылары медициналық персоналдың клиникалық хаттамаларды қолдануын және енгізуін қамтамасыз етеді		
1)	Медициналық ұйымда диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын (бұдан әрі – клиникалық хаттамалар) қолдануды бақылау жөніндегі жауапты тұлғалар айқындалды.	II
2)	Дәлелді медицинаға негізделген клиникалық хаттамалардың талаптарына, сондай-ақ аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан стоматологиялық пациенттің медициналық карталарын ретроспективті және (немесе) ағымдағы талдау жолымен клиникалық аудит жүргізіледі (осы Стандарттың 3-тарауының 1 және 3-параграфтарын, 4-тарауының 1-параграфын қарау). Клиникалық хаттамаларды мониторингілеу, бақылау және енгізу жөніндегі іс-шаралар ішкі сараптаманың жоспарлы іс-шаралары шеңберінде жүзеге асырылады.	I
3)	Стоматологиялық пациенттің медициналық карталарының клиникалық аудитінің нәтижелері медициналық қызметкерлермен кері байланыс, персоналды оқыту және басқа да іс-шаралар үшін медициналық ұйымда бекітілген рәсімдерге сәйкес медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін қолданылады.	I
4)	Медициналық ұйымның бірінші басшысы стоматологиялық пациенттің медициналық карталарының клиникалық аудитінің нәтижелері туралы кемінде тоқсан сайын хабардар етіледі.	II
5)	Персоналға жұмыс орындарында клиникалық хаттамалар электронды немесе қағаз түрінде қол жетімді. Персоналды жаңа немесе өзгертілген клиникалық хаттамалар туралы ескерту тегігі бар.	II
10. Халықпен жұмыс. Медициналық ұйым пациенттердің алдында кері байланыс мәселелерінде ашық және халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігіне ықпал етеді		
1)	Медициналық ұйымның ресми сайты халыққа және мүдделі тараптарға қолжетімді болып табылады, көрсетілетін медициналық қызметтерге қатысты негізгі ақпаратты, байланыс деректерін, мекенжайларды, жариялау үшін қолжетімді негізгі құжаттарды және халықтың «медициналық сауаттылығын» арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды **.	I
2)	Сайтта дәрігерлердің қабылдау кестесі және медициналық ұйымның жұмыс уақыты туралы өзекті ақпарат көрсетіледі**.	III
3)	Медициналық ұйым әлеуметтік желілерде өзекті парақшаларды жүргізеді және халықтың шағымдары мен ұсыныстары бойынша кері байланысты қамтамасыз етеді.	III
4)	Медициналық ұйым халықты салауатты өмір салтына оқыту және аурулардың алдын алу бағдарламаларына қатысады **.	II
5)	Медициналық ұйым жаңалықтар іс-шараларын ресми сайтта уақытылы жариялайды	III

2 Тарау. Ресурстарды басқару

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
11. Қаржыны басқару. Медициналық ұйымның қаржылық ресурстары жоспарлы міндеттерді іске асыру үшін тиімді пайдаланылады		
1)	Медициналық ұйымның бюджеті стратегиялық және операциялық (жылдық) жұмыс жоспарларының қойылған міндеттеріне сәйкес келеді (осы Стандарттың 2-тармағын қарау)	III
2)	Медициналық ұйымның бюджеті негіздемесі бар бөлімше басшыларының өтінімдерін ескереді.	III
3)	Бюджет медициналық ұйымды қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және медициналық ұйымның басшылығы бекіткен рәсімдерге сәйкес қайта қаралады (осы стандарттың 26-тармағының 4) тармақшасын, 39-тармағының 3) тармақшасын, 56-тармағының 3) тармақшасын қарау).	I
4)	Медициналық ұйымның персоналына еңбекақы төлеу кезінде сараланған төлем жүйесі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық ұйымның басшылығы бекіткен персоналдың еңбек өнімділігін айқындау үшін индикаторлар көзделген *.	II
5)	Сыртқы мемлекеттік аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі ***. Жеке ұйымдарда мемлекеттік аудит болмаған жағдайда сыртқы қаржылық аудит жүргізіледі.	I
12. Ақпаратты басқаруға арналған ресурстар. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, пациенттердің деректерін қорғау және медициналық ақпараттық жүйелерді қауіпсіз пайдалану үшін тиісті жағдайлар жасалады.		
1)	Медициналық ұйымда техникалық құралдардың жеткілікті саны бар және медициналық және әкімшілік ақпаратпен жұмыс істеу кезінде қызметкерлердің қажеттіліктерін қамтамасыз ететін интернет желісіне сенімді қол жетімділік бар.	II
2)	Медициналық ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін медициналық деректерді өңдеу және сақтау үшін лицензиялық бағдарламалық жасақтаманы қолданады.	III
3)	Медициналық ұйымның басшылығы сертификатталған шифрлеу және көп факторлы сәйкестендіру технологияларын қолдана отырып, қызметкерлердің қауіпсіз желіге қол жетімділігін қамтамасыз етеді.	III
4)	Медициналық ұйым жұмыс станцияларының қауіпсіздігін бақылауды, желілік қосылыстарды қорғауды және перифериялық құрылғыларды пайдалануды бақылауды қамтитын қол жетімділікті басқару хаттамаларын (процестерін) іске асырады.	III
5)	Мұрағат үй-жайында құжаттаманы қауіпсіз сақтау қамтамасыз етіледі: өрттен және рұқсатсыз кіруден қорғау. Құжаттама тиесілі кезеңді немесе құрылымдық бөлімшені сәйкестендіру мүмкіндігімен стандартты түрде сақталады	III
13. Ақпаратты қорғау және киберқауіпсіздік. Басшылық пен қызметкерлер пациенттің денсаулығы туралы деректердің (медициналық деректер) құпиялылығын, қауіпсіздігін және тұтастығын қамтамасыз етеді.		
1)	Медициналық ұйымда медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалану; ескірген медициналық және медициналық емес құжаттарды электрондық және қағаз форматта сақтау мерзімдері мен жою тәртібі; киберқауіпсіздікке байланысты оқиғаларды басқару тәртібі, дербес деректерді қорғауды және олардың құпиялылығын регламенттейтін ақпараттық қауіпсіздік саясаты әзірленген және бекітілен*	III
2)	Медициналық ұйымда қызметкерлердің лауазымдық міндеттері негізінде медициналық деректерге қол жетімділік деңгейлері анықталады. Іс жүзінде ақпараттық жүйелерге қол жетімділік қызметкердің жеке логині мен паролі және көп факторлы сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады.	II
3)	Медициналық ұйым медициналық ақпараттық жүйелерді (МАЖ) пайдаланады және МАЖ-ға кіру күні мен уақытын, қол жеткізген пайдаланушының атын және орындалған іс-әрекеттердің сипаттамасын білу мүмкіндігін қамтитын ақпараттық қауіпсіздік мониторингін жүргізеді.	II

	Ақпараттық қауіпсіздік мониторингі мыналарды қамтиды**: - ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқиғалар журналын немесе тізімін жүргізу; - ақпараттық жүйелердің осалдығын жыл сайын тексеру, медициналық деректерге қол жетімділікті тексеру; оларды жою шараларын көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқиғаларды талдау	
4)	Басшылық оқыту және ақпараттық науқандар арқылы киберқауіпсіздік туралы хабардарлықты және қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын қолдайды. Ақпараттық қауіпсіздікті оқыту, мыналарды қамтиды: - киберқауіптерді тану және бұзу немесе фишинг әрекетіне күдік туралы IT қызметіне хабарлау; - медициналық ақпараттық жүйелермен жұмыс; - пациенттердің деректерін қорғау(қалай қамтамасыз ету керек және не рұқсат етілмейді). Оқыту жылына кемінде бір рет жүргізіледі**.	III
5)	Киберқауіпсіздік және цифрлық сауаттылық мәселелері бойынша оқу қорытындылары бойынша білімді тексерудің шекті деңгейінен өткендер үшін оқу туралы сертификат бере отырып, тестілеу немесе практикалық тапсырмалар түріндегі білімге тексеру жүргізіледі.	II
14. Медициналық құжаттама. Медициналық құжаттама уақытылы жасалады және медициналық көмектің сабақтастығына ықпал етеді		
1)	Стоматологиялық пациенттің медициналық карталарында Қазақстан Республикасының заңнамасына және ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес бекітілген медициналық құжаттаманың нысандары қолданылады ***	II
2)	Медициналық картаның мазмұны медициналық ұйымның бекітілген рәсімдеріне сәйкес стандартталады*.	II
3)	Барлық емдеу-диагностикалық тағайындаулар, жүргізілген диагностикалық іс-шаралар, басқа да емдеу іс-шараларын қоса алғанда, дәрілік терапия стоматологиялық пациенттің медициналық картасында уақытылы құжатталады.	II
4)	Медициналық карталарда медициналық ұйымның басшылығымен бекітілген аббревиатуралар, тізімдегі символдар пайдаланылады. Медициналық карталардағы жазбалар түсінікті жазылған және рәсімделген *	III
5)	Әр жазбаның күні мен уақыты көрсетілген авторы (қолы және/немесе аты-жөні) болады.	II
15. Ішкі ережелер және ақпарат сапасы. Медициналық ұйымда ішкі жоспарларды, ережелер мен рәсімдерді әзірлеу, бекіту және қайта қарау жүйесі бар және талдау үшін жиналатын ақпараттың жоғары сапасы қамтамасыз етіледі		
1)	Ұйымда «ережелер туралы ереже»: клиникалық және әкімшілік жұмыстың негізгі бағыттарын реттейтін ішкі жоспарларды, ережелер мен рәсімдерді әзірлеу, бекіту және қайта қарау тәртібі бар *.	III
2)	Ұйымның басшылығы персонал үшін ұйымда қолданылатын рәсімдер туралы ақпараттың электрондық және (немесе) баспа форматындағы қолжетімділігін қамтамасыз етеді және қызметкерлер оларға оқытылған.	III
3)	Сыртқы ұйымдарға жарияланатын және ұсынылатын деректердің дұрыстығын тексеру (валидация) жүргізіледі **.	III
4)	Басшылыққа арналған токсандық есептерге қосу үшін индикаторлар бойынша деректерді жинау жауапты қызметкермен жүзеге асырылады (осы Стандарттың 6-тармағын және 2-тармағының 1) тармақшасын қарау) **	III
5)	Медициналық қызмет көрсетуге тартылған персонал индикаторлар бойынша деректерді жинауға қатысады.	III
16. Штаттық кесте медициналық ұйымның ұйымдық құрылымына, миссиясына және қызметіне сәйкес келеді		
1)	Медициналық ұйымның штаттық кестесі медициналық ұйымның басшылығымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі ***	III
2)	Штат кестесі жоспарлы негізде, құрылымдық бөлімшелер басшыларының өтінімдері негізінде, штат кестесінің халықтың өндірістік қажеттіліктері мен қажеттіліктеріне сәйкестігін талдау негізінде жасалады және қайта қаралады (персоналмен жасақталу деңгейін; еңбек өтілі мен құзыреттілігінің қажетті деңгейін айқындау; персонал лауазымдарының тиімді және ұтымды құрылымын есептеу) ***.	III

3)	Медициналық ұйымда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары бекітіледі және орындалады***.	III
4)	Резидентура тыңдаушыларын қоса алғанда, лауазымның әрбір түріне медициналық ұйымның басшылығы біліктілік талаптарын (білім, оқыту, дағдылар мен тәжірибе) және осы лауазымға тән функцияларды көрсете отырып лауазымдық нұсқаулықты бекітеді **. Штаттан тыс жұмысшылар, жұмыстарды қоса атқарушылар және кеңесшілер үшін жоғарыда аталған талаптар шартта жазылады* *. Штаттан тыс қызметкерлермен, жұмысты қоса атқарушылармен және кеңесшілермен келісім-шарт кадр бөлімінде сақталады.	III
5)	Құрылымдық бөлімшелер персоналының өзара іс-қимылын үйлестіру бөлімшелер туралы ережелермен (бөлімшелердің функциялары мен қызметтері, сондай-ақ персоналдың есептілігі көрсетілген), лауазымдық нұсқаулықтармен, ұйымның ережелері мен рәсімдерімен қамтамасыз етіледі.	III
17. Адам ресурстарын басқару. Медициналық ұйымда адам ресурстарын тиімді басқару процесі енгізілген		
1)	Персоналды іздеу, нұсқаулықтан өткізу (бағдарлау) және бейімдеу бойынша рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленеді және медициналық ұйыммен енгізіледі ***	III
2)	Медициналық ұйымның персоналы, сондай-ақ шарттық негізде тартылатын мамандар атқаратын лауазымына лауазымдық нұсқаулықтың біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Персонал қол қойған лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасы кадр қызметінде болады.	III
3)	Медициналық ұйымның басшылығы медициналық ұйымның персоналын үздіксіз оқыту үшін жағдай жасайды (Интернетке, компьютерлерге, тренингтік сыныпқа, кітапханаға қолжетімділік)	II
4)	Медициналық ұйымда қызметкерлерді оқыту қажеттіліктері анықталады. Персоналды оқыту жоспарланады, оқытудан және (немесе) біліктілігін арттырудан өтуді талап ететін қызметкерлердің тізімі жасалады және қажетті бюджет жоспарланады**.	II
5)	Басшылық медициналық ұйымның персоналын ынталандыру және корпоративтік рухын нығайту үшін рәсімдер әзірлейді және енгізеді (осы Стандарттың 11-тармағының 4) тармақшасын қарау)	II
18. Персоналдың жеке ісі. Медициналық ұйымның басшылығымен қызметкерлердің, сондай-ақ шарттық негізде тартылатын мамандардың жеке істерін қалыптастыру, сақтау және жаңарту процесі белгіленген		
1)	Медициналық ұйым қызметкерлерінің, сондай-ақ шарттық негізде тартылатын мамандардың жеке істері медициналық ұйымның бекітілген ішкі рәсімдеріне сәйкес сақталады. Жеке істердің мазмұны стандартталған.	III
2)	Қызметкерлердің, сондай-ақ шарт негізінде тартылатын мамандардың және резидентура тыңдаушыларының жеке істерінде маман сертификаты (дәрігерлер үшін), білімі, еңбек өтілі және біліктілігі туралы мәліметтер болады	I
3)	Әрбір медицина қызметкерінің, сондай-ақ шарттық негізде тартылатын мамандардың жеке ісі лауазымдық нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қызметкердің білімі туралы құжаттардың түпнегіздермен түпнұсқалығын тексерудің дәлелін қамтиды.	I
4)	Әрбір медицина қызметкерінің, сондай-ақ шарттық негізде тартылатын мамандардың жеке ісі жылына бір рет жүргізілетін персоналдың қызметін бағалау нәтижелерін қамтиды.	II
5)	Әрбір медицина қызметкерінің, сондай-ақ шарттық негізде тартылатын мамандардың жеке ісінде медициналық ұйымның базасында және ұйымнан тыс оқытудан өту туралы жазбаларды қамтиды. Егер шарттық негізде тартылатын маман шарттың міндеттерін қашықтықтан орындайтын болса, онда медициналық ұйым базасында оқудан өткендігі туралы жазбалар міндетті емес (мысалы, «екінші оқылымға» шарт шеңберінде тартылатын «сәулелік диагностика» мамандығы бойынша дәрігер).	III
19. Нұсқау. Медициналық ұйым жұмысқа кіретін әрбір жаңа қызметкерге медициналық ұйымның әртүрлі бағыттары бойынша нұсқау жүргізеді және нұсқау үшін көрнекі материалдарды пайдаланады (презентация және (немесе) бейнематериалдар)		

АСҚН

1)	Медициналық ұйымда кадр қызметінің кіріспе нұсқамасын жүргізу үшін оқу материалдары (презентациялар және (немесе) бейнематериалдар) әзірленеді және пайдаланылады, ол ұйыммен танысуды, қудалауға тыйым салуды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пациенттер туралы құпия ақпараттың сақталуына жауапкершілікті қамтиды ***.	II
2)	Барлық штаттық қызметкерлер, шарттық негізде тартылатын қызметкерлер, медициналық ұйымның базасында білім алатын тұлғалар медициналық ұйыммен, өздерінің лауазымдық міндеттерімен (қызметкерлер үшін) және қауіпсіздік пен инфекциялық бақылау жөніндегі негізгі талаптармен танысу үшін нұсқаудан және оқытудан өтеді**. Медициналық ұйым базасында білім алушыларға нұсқау беру жауапкершілігі олардың тәлімгерлеріне жүктелуі мүмкін.	III
3)	Персоналдың нұсқауы өртке қарсы қауіпсіздікті, төтенше жағдайларға дайындықты (жер сілкінісі және су тасқыны) және жұмыс орнындағы қауіпсіздік ережелерін сақтауды қамтиды.	I
4)	Медициналық ұйым персоналының нұсқауы инфекциялық бақылау мәселелерін қамтиды.	I
5)	Медициналық ұйым қызметкерлерінің нұсқауы қауіпсіздік мәдениетінің қағидаларымен танысуды қамтиды.	II
20. Клиникалық дағдыларды бағалау. Медициналық ұйымның басшылығы бекіткен рәсімдерге сәйкес шарттық негізде тартылатын клиникалық персоналды қоса алғанда, клиникалық персоналдың білімі мен клиникалық дағдыларына бағалау жүргізіледі		
1)	Жұмысқа орналасу барысында дәрігердің клиникалық дағдыларын бағалау жүргізіледі және оның клиникалық артықшылықтарының тізімі бекітіледі (осы медициналық ұйымдағы дәрігерге рұқсат етілген тәуекелі жоғары рәсімдердің және операциялардың тізбесі)	II
2)	Жұмысқа орналасу барысында орта медициналық персоналдың дағдыларын бағалау жүргізіледі және медициналық ұйымның рәсімдеріне сәйкес құзыреттердің дербес тізімдері бекітіледі.	II
3)	Жұмысқа орналасу барысында медициналық ұйымның параклиникалық құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің дағдыларын бағалау жүргізіледі.	III
4)	Үш жылда бір рет немесе одан да жиі дәрігердің қызметін бағалауды, оның ағымдағы біліктілігін (білімін, білімін, дағдылары мен тәжірибесін), емдеу нәтижелерін, оның ішінде қолайсыз нәтижелерді және басқа да мәліметтерді ескере отырып, дәрігердің клиникалық артықшылықтарын қайта қарау рәсімі жүргізіледі *. Дәрігердің құзыреттілігі лауазымдық нұсқаулықтың талаптарына, жұмыс көрсеткіштеріне немесе біліктілік деңгейіне сәйкес келмеген жағдайда дәрігерді осы ұйымдағы клиникалық практикадан шеттету (артықшылықтарды шектеу) немесе оқуға немесе тәлімгерлікке жіберу немесе егер дәрігер шарттық негізде тартылған жағдайда шартты бұзу мәселесі қаралады.	II
5)	Медициналық ұйымда жыл сайын персоналдың, параклиникалық құрылымдық бөлімшелердің және орта медицина қызметкерлерінің құзыреттерін қайта бағалау жүргізіледі.	III
21. Персоналды жыл сайынғы бағалау. Жылына бір рет медициналық ұйымның басшылығы бекіткен рәсімдерге сәйкес медициналық персоналдың жұмысын бағалау жүргізіледі		
1)	Медицина қызметкерлерін бағалау рәсімдері және бағалау түрлері бекітіледі. Клиникалық мамандық дәрігерін (пациентке қарап-тексеру немесе емдеу жүргізетін дәрігер) бағалау түрі мына өлшемшарттарды қамтиды: 1) емдеу және күтім (дәрігер тиімді және орынды медициналық көмек көрсетеді); 2) клиникалық білім (дәрігердің қажетті білімі бар, осы білімін жұмыста қолданады); 3) біліктілікті арттыру (дәрігер өзінің клиникалық практикасын және білімін жетілдіреді); 4) жеке қасиеттері және тіл тапқыштығы (дәрігер пациенттермен және әріптестерімен кәсіби қарым-қатынасты сақтайды); 5) әдеп практикасы (дәрігер пациентке аяушылықпен, әр түрлі әлеуметтік және мәдени топтағы пациенттерге сыйластықпен қарайды); 6) жүйелі ойлау (дәрігер қажетті ресурстарды пайдалануда белсенділік және икемділік танытады); 7) ресурстарға үнемділікпен қарау (дәрігер дәрілік заттардың, зерттеуді, консультацияларды орынды және уақытылы тағайындайды)	III

2)	Дәрігерлерді, орта медицина персоналын және тізімі медициналық ұйыммен анықталған басқа да қызметкерлерді бағалау барысында белгіленген жұмыс көрсеткіштері (қызмет индикаторлары) ескеріледі және осы көрсеткіштер жеке істе қамтылады	II
3)	.Персоналды бағалаудың толтырылған нысаны жеке істе сақталады. Ұйымның персоналы оның жұмысын бағалау нәтижелерімен танысқан.	III
4)	Бағалау нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес персоналдың айналысатын лауазымына сәйкестігі анықталады ***	III
5)	Персоналдың кәсіби құзыреттілігін бағалау жүргізіледі (осы Стандарттың 20-тармағын қарау	II
22. Персоналдың денсаулығы және қауіпсіздігі. Медициналық ұйым персоналының денсаулығы және қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталады ***		
1)	Медициналық ұйым персоналға сәйкестендіру бейдждерін, қажетті қорғаныш киімдерін, жеке қорғаныш құралдарын және қорғаныш жабдықтарын (оның ішінде радиациялық қауіпсіздік бойынша құралдар) ұсынады (немесе қамтамасыз етеді.	I
2)	Медициналық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс орындарының қауіпсіздігін бағалауды жүргізеді және жарақаттанудың физикалық және техникалық себептерін болдырмайтын қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді (құлаудың алдын алу, тоқ соғудан қорғау жөніндегі іс-шаралар, тартылған персоналдың тірек-қимыл аппаратының саулығын сақтау мақсатында пациенттерді және ауыр заттарды тасымалдау жөніндегі алгоритмдер мен қажетті жабдықтарды пайдалану, шудың жоғары деңгейіне әсер ету). Ұйымның қағидалары, кадр қызметіне сұрау салу немесе басқа құжаттар өндірістік жарақаттану жағдайлары мен есептілікке жататын басқа да мәліметтер уәкілетті органдарға хабарланатынын және оқиғаларды талдау шеңберінде медициналық ұйымның басшылығы тексеретінін растайды (осы Стандарттың 5-тармағын қарау).	II
3)	Медициналық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс орындарының қауіпсіздігін бағалауды жүргізеді және жарақаттанудың биологиялық және химиялық себептерін болдырмау үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді (вакцинация, инемен немесе стоматологиялық құралмен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік алгоритмдері, токсикологиялық дәрілік заттардың әсерінен қорғау). Ұйымның қағидалары, кадр қызметіне сұрау салу немесе басқа құжаттар өндірістік жарақаттану жағдайлары мен есептілікке жататын басқа да мәліметтер уәкілетті органдарға хабарланатынын және инцидентті талдау шеңберінде медициналық ұйымның басшылығы тексеретінін растайды (осы Стандарттың 5-тармағын қарау).	II
4)	Медициналық ұйым жұмыс жүктемесіне мониторинг жүргізеді, күйзелісті азайту және оны бақылау үшін қызметкерлерді психологиялық қолдау мен эмоционалды бәсеңдетуге жағдай жасайды (күйзеліске қарсы бөлме, рухани тыныштық бөлмесі) *.	III
5)	Медициналық ұйым салауатты өмір салтын ұстану бойынша персонал үшін іс-шаралар жүргізеді және жағдай жасайды (спорттық іс-шаралар, шылым шегуге қарсы бағытталған іс-шаралар) **	II
23. Студенттердің, резидентура тыңдаушыларының, медициналық ұйым базасында оқитын басқа тұлғалардың білімін бақылау. Медициналық ұйым медициналық ұйымның басшылығы бекіткен рәсімдерге сәйкес студенттердің, резидентура тыңдаушыларының, медициналық ұйымның базасында оқитын басқа тұлғалардың оқуын бақылауды жүзеге асырады		
1)	Медициналық ұйымның басшылығы студенттерді, резидентура тыңдаушыларын, медициналық ұйымның базасында оқитын басқа тұлғаларды бақылау рәсімдерін әзірлейді және жүзеге асырады *. Студенттерді оқытуға жауапты қызметкерлер осы рәсімдермен танысқан* *.	III
2)	Кадр қызметінде медициналық ұйым базасында білім беру процесін бақылауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалардың (кафедра қызметкерлері және (немесе) оқытушылар қатарынан) тізімі бар **.	III

3)	Медициналық ұйым базасында білім беру процесін бақылауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалардың құпиялылықты сақтау, инфекциялық және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша өткізілген нұсқаулыққа қол қойылған білім алушылардың тізімдері болады **.	III
4)	Медициналық ұйым базасында оқитын студенттер, резидентура тыңдаушылары, басқа да тұлғалар үшін нұсқаулықта сипатталған медициналық көмек көрсетудегі дербестік деңгейі (бақылаумен не істеу қажет, ал өз бетінше не істеу қажет) анықталады **.	II
5)	Студенттер, резидентура тыңдаушылары, медициналық ұйым базасында оқитын басқа да тұлғалар пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында (қол гигиенасы, жеке қорғану құралдарын қолдану) нұсқаудан өтеді**. Нұсқауды медициналық ұйымның базасында білім беру процесін бақылауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар немесе бейінді мамандар (ғимараттың қауіпсіздігіне жауапты эпидемиолог) жүргізеді.	II
24. Шарттар мониторингі. Медициналық ұйымның басшылары шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің және тауарлардың сапасын бақылайды		
1)	Медициналық ұйымның басшысы медициналық ұйым үшін тауарларды немесе қызметтерді сатып алу туралы шарттардың жетекшілігі бойынша жауапты тұлғаларды анықтайды	II
2)	Медициналық ұйымда қызметтер мен тауарларды алушылар тарапынан шарттардың жетекшілігіне жауапты тұлғаға шарттар бойынша есеп беру тетігі іске асырылады (мысалы, зертхана меңгерушісі шарттардың жетекшілігіне жауапты тұлғаға алынған реагенттер бойынша шарттың орындалуын бағалайды)*.	I
3)	Әрбір шартқа немесе шартқа техникалық ерекшелікке талаптар мен индикаторлар жазылады, ал пациенттің қауіпсіздігіне әсер ететін шарттар үшін индикаторлар қосымша айқындалады олардың негізінде медициналық ұйым шарттың мониторингін және өнім берушінің қызметтерінің немесе тауарларының сапасын бағалауды жүргізеді және басқару шешімдері қабылданады* *.	II
4)	Диагностикалық, емдік, консультациялық және басқа да қызметтерді қоса алғанда, пациенттерге медициналық қызметтер көрсетуге тартылған сыртқы ұйымдармен немесе тұлғалармен жасалған барлық шарттардың тізбесі жүргізіледі.	III
5)	Көрсетілетін қызметтерді үйлестіру және бағалау үшін диагностикалық, емдік, консультациялық және басқа қызметтерді қоса алғанда, пациенттерге медициналық қызмет көрсетуге тартылған сыртқы ұйымдармен немесе тұлғалармен есеп беру және байланыс тетігі бар.	III

3 Тарау. Қауіпсіздікті бағалау

1 Параграф. Инфекциялық бағалау

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
25. Инфекциялық бақылау шаралары. Инфекциялық бақылау жөніндегі іс шараларды медициналық ұйымның жауапты персоналы айқындайды және орындайды		
1)	Медициналық ұйымның немесе инфекциялық бақылау жөніндегі комиссияның басшылығы медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялардың (бұдан әрі – МКБИ) тәуекелдерін төмендету мақсатында қол жеткізуге болатын және өлшенетін іс-шараларды қамтитын инфекциялық бақылау жөніндегі жұмыс жоспарын (іс-шаралар жоспарын) әзірлейді және бекітеді **.	I
2)	Инфекциялық бақылау жөніндегі жұмыс жоспары (іс-шаралар жоспары) орындалады, жоспардың көрсеткіштері бақыланады және қажет болған жағдайда жақсарту бойынша шаралар қабылданады.	I
3)	Медициналық ұйым эпидемиологиялық тәуекелдерді және (немесе) МКБИ тәуекелдерін, сондай-ақ оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын айқындайды.	II
4)	Медициналық ұйымның құрылымында инфекциялық және эпидемиологиялық қауіпсіздікке байланысты іс-шараларға жетекшілік етуге, сондай-ақ инфекциялық бақылау нәтижелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға уақытылы ұсынуға жауапты білікті тұлға айқындалды.	II

5)	Инфекциялық бақылау мамандары (инфекциялық бақылау комиссиясының мүшелері) тоқсанына кемінде бір рет ұйымның персоналы мен басшылығын инфекциялық бақылау индикаторларының мониторинг нәтижелері туралы және инфекциялық бақылау мәселелері бойынша медициналық ұйымның қызметін жақсарту үшін ұсынымдар туралы хабардар етеді.	III
26. Инфекциялық бақылау бағдарламасы. Медициналық ұйымда инфекциялық бақылау бағдарламасы әзірленеді және енгізіледі		
1)	Инфекциялық бақылау бойынша бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленеді және енгізіледі ***	I
2)	Инфекциялық бақылау бойынша бағдарламаны әзірлеу барысында ДДҰ немесе дәлелді медицинаға негізделген басқа да кәсіптік танылған көздердің ұсынымдары ескеріледі *	II
3)	Анықталған инфекциялық аурулар туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық департаменттеріне уақытылы ұсынылады***.	III
4)	Басшылық инфекциялық бақылау бағдарламасын тиімді орындау үшін қажетті ресурстарды ұсынады (11-тармақтың 3) тармақшасын, 27-тармақтың 2) тармақшасын, 56-тармақтың 3) тармақшасын қарау).	I
5)	Персоналдың денсаулығын сақтау бойынша алдын алу шаралары, соның ішінде вакцинация, инемен немесе стоматологиялық құралмен шаншудың алдын алу, инемен немесе стоматологиялық құралмен шаншылған жағдайда немесе пациенттің дене сұйықтықтарының медицина қызметкерінің шырышты қабығына немесе қанайналым жүйесіне түсуі жағдайында жедел іс-шаралар әзірленіп, орындалады.	II
27. Инфекциялық бақылау бойынша рәсімдер. Инфекциялық бақылау рәсімдері персонал мен пациенттерді қорғауды қамтамасыз етеді		
1)	Медициналық ұйымда стандартты сақтық шаралары, жеке қорғаныс құралдарын, оның ішінде стоматологиялық қорғаныс экрандары мен қолғаптарды қолдану бойынша алгоритмдер енгізіледі*. Жеке қорғаныс құралдарын персонал медициналық ұйымда бекітілген рәсімдерге сәйкес пайдаланады.	II
2)	Медициналық ұйымда жеке қорғану құралдарының және белгіленген антисептиктердің жеткілікті саны бар (осы стандарттың 26-тармағының 4) тармақшасын қарау).	II
3)	Қол өңдеу орындарында ағынды суы бар қол жуғыштар, сабын, антисептиктер, сулықтар немесе қолды кептіруге арналған басқа да құралдар орнатылған (осы Стандарттың 30- тармағының 5) тармақшасын қарау)	I
4)	Бір реттік қолданылатын медициналық бұйымдар ұйымда бекітілген рәсімдерге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылғаннан кейін жойылады (қайта пайдалануға жол берілмейді)*.	III
5)	Жөндеу-құрылыс жұмыстары нәтижесінде пациенттер мен персоналдың инфекция жұқтыруының алдын алу үшін жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру медициналық ұйымдағы инфекциялық бақылауға жауапты тұлғамен жазбаша келісіледі **.	III
28. Дезинфекциялау, стерильдеу және кір жуатын орын. Тазалау (жинау), дезинфекциялау, стерильдеу және киім-кешекті қолдану инфекция қаупін азайта отырып Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі ***		
1)	Медициналық ұйымның персоналы Қазақстан Республикасындағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы үй-жайлар мен беттерді тазарту (жинау), дезинфекциялау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтайды.	I
2)	Дезинфекциялық ерітінділері бар ыдыстар атауы, концентрациясы және сұйылту күні көрсетіле отырып таңбаланады. Сұйылту күні дезинфекциялау құралының нұсқаулығында көрсетілген ұсынымдардан аспайды	I
3)	Медициналық мақсаттағы бұйымдарды дезинфекциялау және стерильдеу «лас» аймақтан «таза» аймаққа процесінің ағындылығын сақтай отырып, инфекция қаупін азайтумен жүргізіледі. Персонал стерильдеу жүргізудің кезеңділігін сақтайды (жинау, тасымалдау, есептеу, төсеу, стерильдеу алды тазалау, стерильдеу, қаптау, таңбалау, жеткізу, құралдарды сақтау) *	I
4)	Стерильдеу алдындағы тазарту және стерильдеу сапасы химиялық және (немесе) биологиялық индикаторларды қолдана отырып мониторингтеледі**. Стерильді және стерильді емес бикстерді анықтау процесі енгізілген.	I
5)	Таза және лас киім-кешекпен жұмыс істеу, киім-кешекті жуу кросс-инфекциялар тәуекелін азайта отырып жүргізіледі. Персонал киім-кешекпен жұмыс істеу бойынша рәсімдерді сақтайды (жинау, тасымалдау, беру, жуу, үтіктеу, есептеу, тарату, қолдану) ***	I

29. Медициналық қалдықтар. Ұйым қалдықтарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етеді		
1)	Медициналық ұйымда медициналық мақсаттағы өткір, үшкір және кескіш бұйымдармен жұмыс істеуді қоса алғанда медициналық қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша рәсімді, медициналық ұйымда пайда болатын барлық қалдықтарды топтау, сондай-ақ оларды уақытылы кәдеге жарату енгізіледі *	I
2)	Қауіпті медициналық қалдықтарды орталықтандырып жинауға арналған үй-жай Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келеді (ауысымына 50 ден астам адам келетін медициналық ұйымдар үшін- механикалық іске қосылатын желдеткіш, температуралық режим сақталады, ыстық және суық су келтірілген раковина орнатылған, ауаны зарарсыздандыруға арналған қондырғы, қолға арналған антисептик, медициналық қалдықтармен пакеттерді жинау үшін жабық қоқыс контейнерлері, сөрелер, таразылар пайдаланылады)	II
3)	Медициналық қалдықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауіпсіз жолмен кәдеге жаратылады***. Медициналық қалдықтар және өткір, үшкір және кескіш заттар арнайы су өткізбейтін және тесілмейтін бір реттік ыдыстарда жойылады, олар көлемнің төрттен үш бөлігінен аспайтын мөлшерде толтырылады және толтырылғаннан кейін қақпақпен тығыз жабылады	I
4)	Температуралық режимді және уақытша сақтау мерзімін сақтай отырып, қалдықтардың жіктелуіне сәйкес қан қалдықтары және компоненттері, биологиялық сұйықтықтар, ағза тіндері жұқтыру тәуекелін азайту арқылы таңбаланған контейнерлерде сақталады және жойылады. Сұйық биологиялық медициналық қалдықтар химиялық әдістермен (дезинфекция) залалсыздандырылғаннан кейін су бұру жүйесіне ағызылады	I
5)	Медицина персоналды Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелген қауіпті медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша рәсімдерге оқытудан өтеді және оларды практикада сақтайды **	II
30. Сүзгі. Тіркелген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымда (бұдан әрі – МСАК) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық талаптары саласындағы заңнамаға сәйкес жұқпалы аурулардың белгілері бар және жоқ пациенттер ағынын бөлу үшін жағдайлар қамтамасыз етілген ***		
1)	МСАК көрсетететін медициналық ұйымдарда «лас» және «таза» аймақтар ұйымдастырылған, онда сүзгі «лас аймаққа», ал ұйымның барлық қалған үй-жайлары «таза» аймаққа жатады. Сүзгі жеке кіру және (немесе) шығу есігімен жабдықталған.	I
2)	МСАК ұйымдарында 2 ағымға бөлінген санөткізгіштерді пайдалану қамтамасыз етіледі: 1) ауысымға кіру кезінде «таза» аймақтан «лас» аймаққа 2) ауысымнан шығу кезінде «лас» аймақтан «таза» аймаққа. «таза» аймақ киім шешетін бөлмені, жеке қорғаныс құралдарын беру бөлмесін қамтиды «лас» аймаққа ЖҚҚ шешу бөлмесі, ЖҚҚ жинау бөлмесі кіреді	I
3)	Санөткізгіштер қажетті мөлшерде ЖҚҚ, қолды жууға және өңдеуге арналған құралдармен: антисептиктермен, сабынмен, қолды кептіруге арналған құралдармен, педальмен жабдықталған қоқыс жәшігімен, ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген қолжуғышпен, сондай-ақ қызметкерлер мен келушілерді инфекцияны жұқтыру қаупі туралы хабардар ететін көрнекі белгімен жабдықталған	I
4)	Медициналық ұйымның персоналды инфекциялық аурулар белгілері бар пациенттерді оқшаулау жөніндегі рәсімдер мен алгоритмдер туралы хабардар	I
5)	Әр пациенттен кейін «лас» аймақтың жұмыс беттері мен үй-жайларын қорытынды дезинфекциялау жүргізіледі. Бір рет қолданылатын жанасқан ЖҚҚ зарарсыздандырылмайды жойылуға жатады. Үй-жайларды кейіннен кемінде 15 минут желдете отырып, кварцтау жүргізіледі.	I
31. Инфекциялық бақылау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту. Медициналық ұйым персоналды инфекциялық бақылауға үздіксіз оқытуды жүргізеді		
1)	Жыл сайын медициналық ұйымның барлық қызметкерлері инфекциялық бақылау мәселелері бойынша оқытудан өтеді **.	III

АСҚН

2)	Эпидемиологиялық және инфекциялық қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге жауапты жаңа қызметкерді қабылдау кезінде (зарарсыздандыру, кір жуу, медициналық қалдықтарды кәдеге жарату процестеріне жауапты персонал, хирургиялық блоктың персоналы және режимдік кабинеттердің мейірбикелері) қызметкер инфекциялық бақылау мәселелері бойынша нұсқаудан өтеді және оның кәсіби жауапкершілік аймағына кіретін инфекциялық бақылау мәселелерінде хабардарлығын көрсетеді.	II
3)	Инфекциялық бақылау бойынша қосымша оқыту студенттерге (оның ішінде стоматологиялық мамандықтар), резидентура тындаушыларына, медициналық ұйым базасында оқитын басқа тұлғаларға және аутсорсингтік компаниялардың қызметкерлеріне жүргізіледі.	II
4)	Пациенттер мен олардың заңды өкілдеріне қолдың дұрыс гигиенасы, жөтелу және түшкіру әдебі және (немесе) инфекциялық бақылаудың басқа мәселелері туралы ақпарат қол жетімді болады (мысалы, күту залдарындағы теледидар экрандарында, буклеттерде, стендтерде және басқа байланыс құралдарында).	III
5)	Инфекциялық бақылау мониторингі индикаторларының көрсеткіштері нашарлаған жағдайда медициналық ұйымда инфекциялық бақылау мәселелері бойынша медициналық персоналды қосымша оқыту жүргізіледі.	II
32. Эпидемия мен пандемияға дайындық. МСАК көрсететін медициналық ұйым эпидемия немесе пандемия кезінде халықты және персоналды қорғаудың базалық қағидаттарын қамтамасыз ететін қажетті әрекеттерге дайын болады		
1)	Медициналық ұйымның эпидемиялар немесе пандемиялар туындаған жағдайда қайта бейіндеу жоспары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болады (лас және таза аймаққа жататын аймақтарды айқындау, санитариялық өткізгіш аймақтарын айқындау, ЖҚҚ шешу және кию аймақтарын айқындау және басқа да іс-шаралар)	II
2)	Медициналық ұйымның ресми сайты арқылы қызмет көрсетілетін халық пен қызметкерлер медициналық персоналдың пациенттерге қашықтықтан кеңес беру қосымшаларын немесе бағдарламаларын пайдалану туралы ақпаратқа қол жеткізе алады (мысалы, бейне байланыс бағдарламалары). Өлшемшарт эпидемия мен пандемия кезіндегі карантиндік жағдайларда бағаланады.	II
3)	Жауапты тұлға (тұлғалар) персоналдың стандартты сақтық шараларын сақтауына және ЖҚҚ дұрыс қолдануына мониторинг жүргізеді және қажет болған жағдайда оларды жетілдіру тетіктерін қамтамасыз етеді. Медициналық ұйымға кіретін барлық адамдарға температуралық мониторинг жүргізіледі.	II
4)	Медициналық ұйым пациенттерге қол гигиенасын, тыныс алу әдебін, физикалық қашықтықты сақтауды және басқа да стандартты сақтық шараларын үйретеді. Медициналық ұйым пациенттер мен тіркелген халықты эпидемиологиялық індеттің себебі болып табылатын жұқпалы аурудың белгілері туралы хабардар етеді. Өлшемшарт эпидемия мен пандемия кезіндегі карантиндік жағдайларда бағаланады.	II
5)	Медициналық ұйымда ЖҚҚ және қол гигиенасына арналған құралдардың қажетті қоры немесе карантиндік жағдайлар туындаған жағдайда оларды дереу жеткізуге шарт бар.	II

2 Параграф. Ғимараттың қауіпсіздігі

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
33. Ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі комиссия. Медициналық ұйымда ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама енгізіледі, оның орындалуын ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі Комиссия үйлестіреді		
1)	Ғимараттар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін сақтау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіретін ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі Комиссия құрылады және жұмыс істейді **.	II

2)	Ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде әзірленіп, жүзеге асырылады және мынадай бөлімдерді қамтиды: қоршаған ортаның қауіпсіздігі және күзет жүйесі, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайларға дайындық, қауіпті материалдармен жұмыс істеу, медициналық жабдықтар, коммуналдық (инженерлік) жүйелер *.	III
3)	Медициналық ұйымның басшылығы ғимараттардың қауіпсіздігін жақсарту бойынша негізгі іс-шараларды белгілеп, орындайды. Ғимараттардың қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі негізгі іс-шаралар жыл сайын қайта қаралады және айқындалады.	I
4)	Медициналық ұйымның басшысы тоқсан сайын ғимараттың қауіпсіздігі жөніндегі комиссиядан немесе ғимараттар мен қоршаған орта қауіпсіздігінің жүргізілген негізгі жұмыстары мен бар мәселелерді (тәуекелдерді) көрсете отырып, ғимараттың қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны орындауға жауапты тұлғадан есеп алады **.	II
5)	Медициналық ұйымның басшысы жарты жылда бір рет жүргізілген негізгі жұмыстарды және ғимараттар мен қоршаған орта қауіпсіздігінің бар мәселелерді (тәуекелдерді) көрсете отырып, ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаның орындалуы туралы есепті медициналық ұйымның басқару органына жібереді. Егер Басқару органы мен медициналық ұйымның басшысы бір тұлға болған жағдайда, есепті ғимараттың қауіпсіздігі жөніндегі Комиссия немесе ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаның орындалуына жауапты тұлға ұсынады* *.	III
34. Ғимарат пен қоршаған ортаның қауіпсіздігі. Медициналық ұйымның ғимараты (ғимараттары) мен аумағы медициналық қызметтің қауіпсіз көрсетілуін қамтамасыз етеді.		
1)	Медициналық ұйым ғимаратының және аумағының жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келеді ***	I
2)	Ғимараттардың қауіпсіздігі жөніндегі Комиссия тоқсан сайын ғимараттар мен үй-жайларды, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды инспекциялайды (тестілейді), кейіннен жүргізілген инспекция нәтижелері мен ақаулар актілерін құжаттайды. Инспекциялардың нәтижелері бойынша түзету жұмыстары жүргізіледі.	III
3)	Инженерлік жүйелер, медициналық жабдықтар және басқа да инфрақұрылымның өзге де заттары үнемі жаңартылып отырады және қауіпсіз деңгейде сақталады.	III
4)	Кем дегенде соңғы 5 жыл ішінде ғимараттар мен үй-жайлар ағымдағы және жоспарлы жөндеуден өтеді немесе игеру мерзімін көрсете отырып, жобалау-сметалық құжаттаманы жасаумен, ағымдағы және жоспарлы жөндеуден өту үшін бюджет жоспарланады	I
5)	Қызметкерлер, пациенттер, келушілер немесе қоршаған орта үшін елеулі тәуекелдер анықталған жағдайда медициналық ұйымның басшылығы қаражат бөлу, мүдделі тараптарды хабардар ету және анықталған тәуекелдерді азайту жөнінде тиісті шаралар жасайды.	I
35. Пациенттің қоршаған ортасы. Пациенттің қоршаған ортасы оның болуы және медициналық көмек алуы үшін қауіпсіз және ыңғайлы болып табылады		
1)	Медициналық ұйымның едендері мен еден жабындары қауіпсіз және пациенттерді, келушілерді, қызметкерлерді құлау және құлаудан жарақаттар алу қаупіне ұшыратпайды.	II
2)	Дәліздердегі, үй-жайлардағы, палаталардағы, қарап-тексеру және ем-шаралар кабинеттеріндегі қабырғалар мен төбелерде эпидемиологиялық қауіптерді, сондай-ақ ғимарат құрылымдарының тозуына байланысты қауіптерді білдіретін зақымданулар, дақтар мен ақаулар болмайды.	II
3)	Медициналық киімдер мен стоматологиялық креслолар мен дивандар пациенттердің жайлы және қауіпсіз болуына ықпал етеді.	II
4)	Дәретханалар мен санитарлық тораптар пациент пен келушілердің жеке болуын қамтамасыз етеді, гигиена құралдарымен жабдықталған	II
5)	Пациенттерді күту аймақтарында (жалпы дәліздерде) ауысымына 150-ден астам адам келетін ұйымдарда микроклимат пен ауаның оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ететін механикалық іске қосылатын ағынды-сорғылы желдеткіш болады.	II
36. Күзет және қорғау. Медициналық ұйымның ғимараты мен аумағын күзету және қорғау қамтамасыз етіледі (осы Стандарттың 33-тармағының 2) тармақшасын қарау) *		

АСҚН

1)	Медициналық персонал, штаттан тыс және келісімшарттық қызметкерлер, резидентура тыңдаушылары медициналық ұйымның рәсімдеріне сәйкес сәйкестендіріледі (осы Стандарттың 22-тармағының 1) тармақшасын қарау).	III
2)	Күзет қызметінің қызметкерлері күзет және қорғау мақсатында ғимарат пен аумаққа мониторинг (бейнебақылау және ғимаратты қарап айналып өтуді) жүргізеді.	II
3)	Ғимаратқа шолу жасау (инспекция) және күзет қызметінің қызметкерлері арасында кезекшілікті тапсыру құжаттандырылады **	III
4)	Бөгде тұлғалардың күндізгі стационарға және режимдік бөлімшелерге (инженерлік, коммуналдық жүйелерді бақылау аймағы) кіруі шектеледі	I
5)	Күзет қызметінің қызметкерлері және персонал қауіпсіздік бойынша кодтар кезінде стандартты әрекет етуге оқытудан өтеді (пациентті (пациенттерді), персоналды және келушілерді құтқаруды қамтамасыз ететін персоналдың үйлесімді іс-шаралары) **. Көк код – жүрек, тыныс алу тоқтағанда, құрысу синдромы кезінде уақытылы реанимациялық көмек көрсету жөніндегі персоналдың іс-шаралары Қызыл Код - персоналдың өртті хабарлау және сөндіру, пациенттер мен келушілерді эвакуациялау жөніндегі іс-шаралары Қызғылт Код-медициналық ұйымның ғимаратында және аумағында жоғалған балалар мен қарттарды жедел іздеу Ақ код - персонал мен пациенттерді агрессивті пациенттерден жедел қорғау Қара Код-террористік шабуыл қаупі кезінде әрекет ету шаралары.	I
37. Өрт қауіпсіздігі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғимаратта (тарда) өрт қатерін және түтіндеуді төмендету жөніндегі бағдарлама енгізіледі(осы Стандарттың 33-тармағының 2) тармақшасын қарау) ***		
1)	Өртті ерте анықтау жүйесі жұмыс жасайды; тұрақты инспекцияланатын және қажет болған жағдайда жаңартылатын өрт сөндіруге арналған жарамды құралдар жаңартылады	I
2)	Өртті ерте анықтауға және сөндіруге арналған құралдарды және жүйелерді инспекциялау, тестілеу және сақтау құжаттандырылады **	I
3)	Өрт кезінде және басқа да төтенше жағдайларда ғимараттан қауіпсіз көшіру үшін көшіру жолдары еркін күйде сақталады. Эвакуация картасында эвакуациялау схемасы орналасқан белгіні көрсете отырып, ақпараттық және көрсеткіштік белгілер (шығу, өрт құралдары мен гидранттарды орналастыру көрсеткіштері), эвакуациялау схемалары (эвакуациялау схемасына жауапты персоналмен «сіз осындасыз» белгісін жапсыруы немесе белгілеуі мүмкін) бар.	II
4)	Персонал өрт сөндіргіштерді пайдалану, эвакуациялау, өрт сөндіргіштерді пайдалану ережелері, оттегіні өшіру ережелерін қоса алғанда, өрт кезіндегі іс-қимыл алгоритмдерін сақтау бойынша білімдерін көрсетеді.	I
5)	Медициналық ұйымның персоналымен жыл сайын өрт және түтіндену кезіндегі іс-қимылдар бойынша практикалық оқу-жаттығулар өткізіледі (осы Стандарттың 38-тармағының 2) және 3) тармақшаларын қарау) **.	II
38. Өрт қауіпсіздігі және ғимарат қауіпсіздігі қызметкерлерін оқыту. Ғимараттар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін сақтау үшін медициналық ұйымның қызметкерлерін оқыту жүргізіледі		
1)	Жауапты тұлғалар (мысалы, аға мейірбикелер мен АҚ және ТЖ инженер) отқа қауіпті материалдардың орналасуын біледі, сондай-ақ оларды сақтау және өңдеу бойынша ережелер мен талаптарға оқытылған.	II
2)	Персонал өрт туралы хабарлауды, өрт сөндіргішті қолдану дағдыларын қоса алғанда, өрт кезінде орындалатын іс-әрекеттерге оқытылады және көрсетеді (жұмысқа орналасу кезінде және одан әрі жарты жылда кемінде бір рет).	I
3)	Персонал пациенттерді эвакуациялау мәселелері бойынша білім алады және көрсетеді, өрт шығу жолдарының орналасуы, өрт сөндіргіштерді пайдалану ережелері, оттегіні өшіру ережелері туралы хабардар етілген.	II
4)	Шарттық негізде тартылатын мамандар, резиденттер, интерндер және үй-жайларды жалға алушылар өрт қауіпсіздігі ережелері (өрт шығу жолдарының, өрт сөндіргіштердің орналасуы, пациенттерді көшіру) туралы оқытылады және өрт қауіпсіздігі ережелері туралы біледі және өрт сөндіргіштерді пайдалану дағдыларын көрсетеді	III

5)	Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқау өткізу және жоспарлы оқыту үшін жауапты тұлға анықталған. Нұсқаулық және жоспарлы оқыту орындалады **	I
39. Басқа да төтенше жағдайлар. Басқа да төтенше жағдайлардың қауіпін төмендету бойынша бағдарлама енгізіледі (осы Стандарттың 33 - тармағының 2) тармақшасын қарау) *		
1)	Медициналық ұйым медициналық ұйымда немесе оның аумағында болуы мүмкін төтенше жағдайдың елеулі түрін (түрлерін) айқындайды және осы төтенше жағдайға дайындық дәрежесін айқындайды **	III
2)	Төтенше жағдайлар бойынша қауіптерді бағалаудың негізінде жылдық іс-шаралар жоспарында жұмыстың басым бағыттары анықталады **	III
3)	Ұйымның төтенше жағдайларға дайындығын жетілдіру үшін ресурстар бөлінеді	III
4)	Медициналық ұйымда ұйымның аумағында немесе оның аймағында (мысалы, жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл, өрт, медициналық ұйым қызмет көрсететін кәсіпорындағы өндірістік жарақат) болуы мүмкін төтенше жағдай (жағдайлар) кезіндегі іс-қимыл жоспары әзірленеді. Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес жылына бір рет персоналдың практикалық жаттығуы өткізіледі	III
5)	Төтенше жағдайлар кезінде әрекеттер бойынша практикалық оқыту аяқталысымен сәйкессіздікті жақсарту және үздіксіз жақсартуды қолдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлей отырып, жүргізілген оқу нәтижелеріне талдау жүргізіледі **	III
40. Қауіпті материалдар және биологиялық емес қалдықтар. Қауіпті материалдармен және биологиялық қалдықтармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және адамдардың және қоршаған ортаның қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі ***		
1)	Медициналық ұйымда қауіпті материалдар химиялық заттардың тізімі атауы (құрамы), сақтық шаралары, сақтау орындары және ескерту белгілермен анықталады (радиоактивті диагностикалық материалдар, радиотерапиялық материалдар, жанғыш газдар, бір сыйымдылықтағы үлкен көлемдегі спирт)	II
2)	Қауіпті материалдарды таңбалауды, сақтауды, тасымалдау, кәдеге жарату кезінде қорғаныш құралдарын киюді қоса алғанда қауіпті материалдармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар жазылады*	II
3)	Барлық қауіпті материалдар мен қалдықтар атауы (құрамы), жарамдылық мерзімі (егер қолданылса) және қолданылатын ескерту белгілері көрсетіле отырып таңбаланады.	II
4)	Қауіпті материалдарды қолдану орындарында ақпараттық белгілер түріндегі сақтық шаралары туралы қолжетімді ақпарат бар.	II
5)	Қауіпті материалдармен және медициналық емес қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі белгіленген талаптарды сақтайтын, қауіпті материалдармен және медициналық емес қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі жауапты тұлғалар анықталған. Қауіпті материалдармен және химиялық заттармен жұмыс істейтін персонал жауапты тұлғалармен осы материалдар мен қалдықтар төгілгенде немесе төгілген жағдайда оларды жинау жөніндегі алгоритмдерге үйретеді* *. (Бұл өлшемшарт пен стандарт зәр, қан және т. б. сияқты биологиялық сұйықтықтардың төгілуіне жатпайды.)	I
41. Медициналық жабдық және құралдар. Медициналық жабдықтың және құралдардың қауіпсіздігі тестілеу, калибрлеу, жұмыс жағдайында сақтау және персоналды оқыту жолымен қамтамасыз етіледі		
1)	Ұйымда қолданылатын тоңазытқыш жабдықтары (тоңазытқыш камераларын қоса алғанда) температураны бақылау құралдарымен (электронды аспаптармен немесе термометрлермен) жабдықталған.	II
2)	Температураны бақылау құралдары калибрленеді және жылына кемінде бір рет тексеріледі.	II
3)	Медициналық жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету, тестілеу, калибрлеу, сақтау, жөндеу жүргізіледі және құжаттандырылады: жабдықтың әрбір бірлігіне профилактикалық қызмет көрсету өндірушінің нұсқаулығына сәйкес жиілікпен немесе одан жиі жүргізіледі; профилактикалық қызмет көрсету жиілігі медициналық ұйымның құжаттарында жазылған; жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету кестесі жыл сайын құрылады барлық медициналық жабдықтардың тізімі анықталады және есепке алынады **. **	I

4)	Медициналық ұйымның басшылығы бекіткен рәсімдерге сәйкес персоналды медициналық жабдықпен қауіпсіз жұмыс істеуге оқыту жүргізіледі. Оқытудан өткен және құзыретті персонал ғана медициналық жабдықтармен жұмысқа жіберіледі**	III
5)	Жабдықтың істен шығуы немесе жарамсыздығы туралы басшылыққа хабарлаудың нақты алгоритмі белгіленген және персоналмен орындалады. Медициналық жабдықтарды жөндеуге келісім-шарттар жасалған **	II
42. Коммуналдық жүйелер. Медициналық ұйымдағы коммуналдық және инженерлік жүйелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді ***		
1)	Медициналық ұйымның басшылығы коммуналдық және инженерлік жүйелерді инспекциялау, тестілеу және сақтау тәртібі мен жиілігін анықтайды *	III
2)	Коммуналдық және инженерлік жүйелердің жұмысы бақыланады, сақталады және жетілдіріледі**	III
3)	Жылына бір рет жабық үй-жайларда температуралық параметрлерді (кондиционерлерді) құруға және автоматты ұстауға жауапты құрылғылар жүйесін толық тазарту жүргізіледі.	I
4)	Медициналық ұйымның жауапты тұлғалары жүргізілген мониторинг нәтижелерін құжаттай отырып, желдету жүйесіне мониторинг жүргізеді. Желдету жүйесінде шаңнан ластануды болдырмау үшін сүзгілер орнатылады, олар өндірушінің ұсынысы бойынша жиілікпен ауыстырылады. Егер желдету жүйесінде сүзгілерді пайдалану қолданылмаса, онда қорғаныс торлары мерзімді негізде орнатылып, тексеріледі. Кондиционерлердің сүзгілері өндірушінің ұсыныстарына сәйкес өзгереді немесе тазартылады.	II
5)	Жалпы қамтамасыз етуді реттейтін және оған жауап беретін коммуналдық және инженерлік жүйелер төтенше жағдайлар кезінде ішінара немесе толық өшіруді жеңілдету үшін таңбаланады.	III
43. Су және электр жүйесі. Медициналық ұйымда судың және электрдің балама көздерін қоса алғанда оларға үдіксіз қолжетімділік қамтамасыз етіледі		
1)	Медициналық ұйымда ауыз су және электр қуаты жылдың кез келген уақытында тәулік бойына қолжетімді болып табылады	I
2)	Медициналық ұйымда баламалы көзден электрмен жабдықтау ең маңызды аймақтар мен қызметтер анықталады. Электрмен жабдықтаудың баламалы көзіне тандалған аймақтар мен қызметтерге қол жеткізу және (немесе) қосу қамтамасыз етілген**.	III
3)	Сумен жабдықтаудың балама көздері тоқсан сайын тестіленеді, баламалы көзден электр энергиясын өндіру үшін қажетті отын қоры бар**.	III
4)	Сумен жабдықтау ажыратылған жағдайда ұйымды тасымалданатын сумен қамтамасыз ету туралы шарт бар. Әкелінетін суды пайдалану орындарына жеткізу алгоритмдері әзірленген **. Егер ұңғыма сумен жабдықтаудың балама көзі болып табылса, онда судың микробиологиялық және биохимиялық сапасы жарты жылда бір рет, сумен жабдықтаудың балама көзі ретінде судың қолданылуы туралы эпидемиологтың қорытындысымен расталады	III
5)	Стоматологиялық қондырғылардың су беру жүйелері өндірушінің ұсыныстарына сәйкес өңделеді және сыналады, барлық рәсімдер мен тестілеу нәтижелері құжатталады**.	I

3 Параграф. Дәрілік заттардың, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдардың қауіпсіздігі

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
---	--------------------------------------	------

44. Дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдарды басқару. Медициналық ұйымда дәрілік заттармен, медициналық және стоматологиялық бұйымдармен және материалдармен қауіпсіз жұмыс істеу қамтамасыз етіледі		
1)	Дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады ***	II
2)	Жыл сайын дәрілік заттардың, медициналық және стоматологиялық бұйымдардың айналымын басқару жүйесіне мыналарды қамтитын талдау жүргізіледі: жоспарлау және сатып алу; сақтау; дәрігерлік тағайындау; дайындау немесе еріту; пациентке дәрі-дәрмек және стоматологиялық материалдарды енгізу; емдік әсеріне мониторинг, кәдеге жарату, қайтарып алу, тағайындау аудиті, жағымсыз әсерлерді бақылау, дәрі-дәрмек қателіктерін басқару және тәуекелдерді бағалау (дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдарды пайдаланумен байланысты мәселелерді немесе жоғары қауіпті аймақтарды анықтау) **. **	III
3)	Дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдарды басқару жүйесін талдау нәтижелері басшылыққа және ұжымға баяндалады; жұмысты жақсарту бойынша қабылданған шаралардың немесе жобалардың мысалдары бар.	II
4)	Дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдарды басқарудың әрбір сатысын сипаттайтын рәсімдер әзірленеді және енгізіледі: жоспарлау және сатып алу; сақтау; дәрігерлік тағайындау; дайындау немесе еріту; пациентке дәрілік заттарды және стоматологиялық материалдарды енгізу; дәрілік заттардың және стоматологиялық материалдардың әсеріне мониторинг, оларды жою, тағайындау аудиті, жағымсыз әсерлерді бақылау, медициналық қателерді басқару *. *	I
5)	Формулярлық тізімді бекітуді қоса алғанда дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдарды басқару мәселелерін қарастыратын формулярлық комиссия құрылады және жұмыс жасайды **	I
45. Дәрілік заттар, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауіпсіз және тиісті жолмен сақталады***		
1)	Барлық дәрілік заттар, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдар атауы (мазмұны) және белгіленген жарамдылық мерзімі көрсетіле отырып сақталады. Сақтау үй-жайларында дәрілік заттар бөлек сақталады: фармакологиялық топтар бойынша; қолдану әдісіне байланысты (ішкі, сыртқы); жиынтық күйіне байланысты; физикалық-химиялық қасиеттеріне және қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсеріне сәйкес.	II
2)	Дәрілік заттар, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдар оларды сақтауға қойылатын талаптарға сәйкес температуралық режимді, ылғалдылықты және өзге де жағдайларды сақтай отырып сақталады.	I
3)	Қатаң есепке алынуға және бақылауға жататын есірткі және басқа да дәрілік заттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталады***.	I
4)	Медициналық ұйымның ішкі ережелері және оларды орындау дәрілік заттардың, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдардың жоғалудан және ұрланудан сақталуын қамтамасыз етеді.	II
5)	Дәріхана персоналы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтау жағдайларын қамтамасыз ету үшін медициналық ұйымда дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдарды сақтаудың барлық орындарына бақылау жүргізеді **.	I
46. Дәрілік заттармен, медициналық және стоматологиялық бұйымдармен және материалдармен жұмыс істеудің ерекше жағдайлары және оларды жою. Дәрілік заттармен, медициналық және стоматологиялық бұйымдармен және материалдармен жұмыс істеудің ерекше жағдайлары және оларды жою жазылады		

1)	Медициналық ұйымның басшылығы жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдарды анықтау және жою тәртібінің сақталуын бекітеді және бақылайды.	III
2)	Медициналық ұйымның басшылығы пациент сатып алған (жеке, сырттан әкелінген) дәрілік заттардың, медициналық және стоматологиялық бұйымдар мен материалдармен жұмыс істеу тәртібін бекітеді және сақталуын бақылайды *.	I
3)	Медициналық ұйымның басшылығы дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұрланудан және жоғалудан қорғауды, жиынның дайындығын уақытылы тексеруді және құрамының уақытылы толтырылуын қоса алғанда шұғыл жағдайларға арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жиындарымен (шокқа қарсы төсеме, эпидемияға қарсы төсеме, реанимациялық жиын) жұмыс істеу тәртібін бекітеді және бақылайды *	I
4)	Шұғыл жағдайларға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар жиынтығы басшылық бекіткен шұғыл жағдайдың түріне байланысты оларды қолдану жөніндегі алгоритмдермен (анафилактикалық шок, жүрек тоқтауы кезіндегі іс-қимыл алгоритмі) бірге (немесе қатар) сақталады	II
5)	Медициналық ұйымның басшылығы қауіпті дәрілік заттармен жұмыс істеу тәртібін бекітеді және бақылайды *.	I
47. Дәрілік заттарды тағайындау. Дәрілік заттарды тағайындау және дәрілік заттардың тағайындалуын тексеру процесі белгіленеді		
1)	Тағайындау парағында немесе рецептте міндетті ақпаратты толтыруды қоса алғанда дәрілік заттарды тағайындауға қойылатын талаптар бекітілген: пациентті сәйкестендіру; дәрілік заттардың атауы (халықаралық патенттелмеген немесе тауарлық атауы); мөлшері; енгізу жолы; жиілігі; курстың ұзақтығы*	II
2)	Дәрігерлік және мейірбикелік персонал дәрілік заттарды тағайындауға қойылатын талаптар бойынша білімін көрсетеді	I
3)	Медициналық ұйымда дәрігерлік тағайындаулар немесе рецепттер парақтарының дұрыс толтырылуын бақылау рәсімі орындалады (Осы Стандарттың 47-бабының 1) тармақшасын қарау)	I
4)	Тағайындаудың негізділігі мен толықтығын анықтау үшін стоматологиялық пациенттің ағымдағы медициналық карталарында дәрілік заттардың тағайындалуын тексеру жүргізіледі (осы Стандарттың 9-тармағы мен 50-тармағының талаптарын қарау)	II
5)	Шұғыл жағдайларда дәрілік заттарды ауызша тағайындау кезінде қолданылатын және ақпаратты сенімді беру және қабылдау (естіген тағайындауды ауызша қайталау) қағидаттарын қамтамасыз ететін алгоритмдер белгіленеді және сақталады.	III
48. Дәрілік заттарды дайындау. Дәрілік заттар қауіпсіз және таза ортада дайындалады дәрілік заттарды енгізу пациенттің қауіпсіздік қағидаттарын басшылыққа алады		
1)	Емшара кабинеттері және (немесе) дәрілік заттарды сұйылту және дайындау орындары таза және қауіпсіз жұмыс аймағы болып табылады.	III
2)	Медицина қызметкерлері пациентке дәрі дәрмектерді дайындау және енгізу кезінде қол гигиенасының алгоритмдері мен кезеңдерін ұстанады	III
3)	Пациентке енгізілген және пациент медициналық ұйымда қабылдаған әрбір дәрілік зат тағайындау парағында (немесе өзге құжатта) уақыт пен жазбаның авторы *көрсетіле отырып құжатталады*.	II
4)	Медициналық ұйымға дәрілік заттарды қауіпсіз енгізу бес тармақтың дұрыстығын тексерумен қамтамасыз етіледі: дәл сол пациент, дәрілік зат, мөлшері, енгізу жолы, қабылдау уақыты мен жиілігі.	I
5)	Пациенттің дәрі-дәрмектерді өздігінен енгізу процесі тағайындалады (мысалы, ингалятор немесе автоматты инъектор)*. Тиісті патологиясы бар пациенттер белгіленген процеске сәйкес ингаляторды немесе басқа құралды өз бетінше қолдануға үйретілгенін растайды.	III
49. Дәрі-дәрмектер мен стоматологиялық материалдардың жағымсыз әсерлері және дәрілік қателіктерді басқару. Фармакологиялық қадағалау, дәрілік қателіктерді басқару және пациенттерді дәрілік заттарды дұрыс қолдануға үйрету процестері енгізілген		

АСҚН

1)	Қызметкерлер дәрі-дәрмектер мен стоматологиялық материалдар (жағымсыз әсерлер мен дәрілік қателіктер) бойынша оқиғаларды хабарлау процесі туралы біледі.	I
2)	Пациенттерге тағайындалған дәрілік заттар мен стоматологиялық материалдарды дұрыс қолдануға үйрету жүргізіледі. Оқу процесі стоматологиялық науқастың медициналық картасында құжатталады.	II
3)	Медициналық ұйымда медициналық қателіктер мен ықтимал қателіктердің себептерін анықтау, хабарлау және талдау процесі енгізілген.	I
4)	Дәрілік заттармен және стоматологиялық материалдармен жұмыс істеуге тартылған дәрігерлер мен өзге де персонал үшін дәрілік заттар мен стоматологиялық материалдар бойынша анықтамалық ақпарат қолжетімді болып табылады.	II
5)	Дәрілік заттар мен стоматологиялық материалдардың әсері мен жанама әсерлеріне мониторинг жүргізу бойынша рәсімдер орындалады **. Жанама әсерлер туралы мәліметтер жиналады, талданады және жақсарту шаралары жүргізіледі.	I
50. Антибиотиктерді бақылау. Медициналық ұйым антибиотиктерді бақылау бойынша бағдарламаны енгізеді		
1)	Антибиотиктерді бақылау бойынша бағдарлама (нұсқаулық) тағайындалуы шектелген антибиотиктердің тізімін қамтиды, сондай-ақ резервтік антибиотиктерді қолдану көрсетілімдердің сипаттайды *	I
2)	Антибиотиктерді бақылау бойынша бағдарлама немесе нұсқаулық медициналық ұйымның басшылығымен бекітілген рәсімдерге сәйкес ұжымдық әзірленеді (дәрігердің және (немесе) клиникалық фармакологтың, инфекциялық бақылау, микробиология бойынша маманның қатысуымен)	II
3)	Стоматологиялық науқастың медициналық карталары антибиотиктерді бақылау бағдарламасын немесе нұсқаулығын орындау үшін үнемі қаралады.	I
4)	Дәрігерлер мен басқа пайдаланушылар антибиотиктерді бақылау бағдарламасының немесе нұсқаулықтың талаптары туралы хабардар болады.	I
5)	Антибиотиктерді бақылау бағдарламасын немесе нұсқаулықты орындау медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін қолданылатын индикаторлар арқылы бақыланады **.	I
51. Стоматологиялық құрылымдармен жұмыс істеу. Имплантталатын протездер және басқа да стоматологиялық құрылымдар белгіленген өлшемшарттарға сәйкес қолданылады		
1)	Стоматологиялық құрылымдарды қолдану стоматологиялық құрылымдардың нақты түрлеріне арналған халықаралық және ұлттық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.	
2)	Медициналық ұйымда имплантталатын протездер және басқа да стоматологиялық құрылымдарды орнату процесі сипатталған және енгізілген.	
3)	Пациентке сақтық шаралары мен ықтимал жанама әсерлерді қоса алғанда, имплантталатын протездер және басқа да стоматологиялық құрылымдарды қолдану туралы ақпарат беріледі. Пациент стоматологиялық құрылымдарды қолданудың егжей-тегжейлері туралы хабардар екенін растайды.	
4)	Имплантталатын протездер және/немесе басқа да стоматологиялық құрылымдардың сериялық нөмірі стоматологиялық пациенттің медициналық картасына және тіркеу журналына енгізіледі.	
5)	Белгіленген стоматологиялық құрылымдар мен пациенттің жай-күйін мониторингілеу белгіленген ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері стоматологиялық паценттің медициналық картасына енгізіледі.	

1 Параграф. Пациенттің қауіпсіздігі

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
52. Пациентті сәйкестендіру. Пациенттің қауіпсіздігі пациентті сәйкестендіру процесі арқылы арттырылады		
1)	Медициналық ұйымның басшылығы пациенттің кемінде екі сәйкестендіргішін қолдана отырып, пациентті сәйкестендіру процесін сипаттайтын пациентті сәйкестендірудің стандартты операциялық рәсімін (бұдан әрі – СОР) бекітеді және орындайды. Мысалы, бірінші сәйкестендіргіш ретінде пациенттің аты-жөні, ал екіншісі ретінде толық туған күні қолданылуы мүмкін.	I
2)	Пациент әрбір емшараның, операцияның, инъекцияның, дәрілік заттарды қабылдаудың, биоматериалды алу және басқа да жағдайлардың алдында СОР сәйкес сәйкестендіріледі. Мейірбикелік және дәрігерлік персонал пациентті сәйкестендіру бойынша рәсімдер туралы хабардар екендігін көрсетеді	I
3)	Күндізгі стационарда пациентті сәйкестендіру екі сәйкестендіру білезігін пайдалану жолымен не медициналық ұйым басшылығы бекіткен пациенттерді сәйкестендірудің басқа балама тәсілдері арқылы жеңілдетіледі	I
4)	Пациенттің идентификаторлары стоматологиялық науқастың медициналық жазбаларының барлық түрлерінде және пациенттің биоматериалы немесе жеке стоматологиялық материалдары бар барлық контейнерлерде болады (мысалы, стоматологиялық әсер).	I
5)	Пациентті сәйкестендіру процесі пациенттің қауіпсіздігін арттыру үшін қолданылатын индикаторлар арқылы бақыланады**. Мысалы, индикатор пациенттердің биоматериалдары бар контейнерлердің тексерілген санынан пациенттердің биоматериалдары бар контейнерлерді дұрыс анықтау пайызы болуы мүмкін.	I
53. Ақпаратты тиімді беру. Пациенттердің қауіпсіздігі ауызша және (немесе) телефон ақпаратын берудің стандартталған процесі арқылы артады		
1)	Ақпаратты алушы жазып алатыны және хабарламаны дауыстап оқитыны, хабарлаушы тұлға хабарламаның дұрыстығын растауы жазылған, ақпаратты ауызша және (немесе) телефон арқылы қабылдау мен берудің СОР әзірленеді және енгізіледі *	I
2)	Зертханалық және диагностикалық зерттеудің күрделі нәтижелері туралы хабарлама, пациентке ауызша дәрілік заттар тағайындау ақпаратты ауызша және (немесе) телефон арқылы қабылдау мен берудің СОР сәйкес беріледі.	I
3)	Медициналық ұйым барлық зертханалық және диагностикалық зерттеулер (медициналық ұйым көрсететін немесе аутсорсингке берілген) үшін маңызды мәндердің тізімін белгілейді.	I
4)	Пациенттің сәйкестендіру деректерін көрсетумен, беруші және қабылдаушы персоналдың сәйкестендіру деректерін, берілу уақытын, пациенттің негізгі клиникалық көрсеткіштерін және пациентті беру кезінде басқа да көрсеткіштерді (егер қолданылса) көрсете отырып, пациентті одан әрі күту жөніндегі бөлімшелер және (немесе) қызметтер арасында пациентті қауіпсіз беру жөніндегі СОР әзірленеді және орындалады (өлшемшарт анестезиологиялық және хирургиялық емдеу көрсететін медициналық ұйымдар үшін қолданылады).	I
5)	Зертханалық және диагностикалық зерттеулердің күрделі нәтижелерін хабарлау кезінде ауызша және (немесе) телефонмен ақпаратты беру процесі және ұйымдар мен көрсетілетін қызметтер арасында пациентті тапсыру процесі пациенттің қауіпсіздігін арттыру үшін қолданылатын индикатор(лар) арқылы мониторингіленеді*	I

54. Қауіптілігі жоғары дәрілік заттар (жанама әсерлердің жоғары деңгейі бар және пациенттің денсаулығына айтарлықтай зиян келтіретін дәрілер, сондай-ақ басқа дәрілердің атауларына немесе орамаларына ұқсас дәрілік заттар). Пациенттердің қауіпсіздігі қауіптілігі жоғары дәрілік заттарды стандартталған таңбалаудың және қауіпсіз жұмыс істеудің есебінен арттырылады

1)	Тәуекелі жоғары дәрілік заттармен жұмыс істеуді сипаттайтын СОР әзірленеді * Рәсім: қауіптілігі жоғары дәрілік заттарды таңбалауды; қауіптілігі жоғары дәрілік заттарды сақтауды; егер ерекшеліктер болса – тағайындауды және қолдануды; қауіптілігі жоғары дәрілік заттардың тізімін қамтиды*.	I
2)	Концентратталған электролиттермен жұмыс істеуді сипаттайтын СОР әзірленеді * Рәсім: концентратталған электролиттердің таңбалауды; концентратталған электролиттерді сақтау – сирек пайдалану орындарында сақтауға тыйым салуды, тек клиникалық қажетті орындарда сақтауды; егер ерекшеліктер болса – тағайындау және қолдануды; концентратталған электролиттердің тізімін қамтиды	I
3)	Атауы ұқсас және қаптамасы ұқсас дәрілік заттармен жұмыс істеуді сипаттайтын СОР әзірленеді * Рәсім: атауы ұқсас және қаптамасы ұқсас дәрілік заттарды таңбалауды; егер дәрілік заттардың атаулар үндес немесе сыртқы түрі ұқсас болса, оларды бір сөреде немесе бір қатарда сақтауға тыйым салуды; егер ерекшеліктер болса – тағайындауды және қолдануды; атауы ұқсас және қаптамасы ұқсас дәрілік заттардың тізімін қамтиды *	I
4)	Жауапты персонал (дәрігерлер, орта медициналық персонал, дәріхана персоналы) жоғары қауіпті дәрілік заттармен, концентрацияланған электролиттермен, ұқсас атауы және ұқсас қаптамасы бар дәрілік заттармен жұмыс істеу жөніндегі талаптарды біледі.	I
5)	Концентрацияланған электролиттермен, жоғары қауіпті дәрілік заттармен және ұқсас атауы мен ұқсас қаптамасы бар дәрілік заттармен жұмыс істеу пациенттің қауіпсіздігін арттыру үшін қолданылатын индикаторлар арқылы мониторингтеледі **.	I

55. Хирургиялық қауіпсіздік: дұрыс дене мүшесі, дұрыс емшара және дұрыс пациент. Пациенттердің қауіпсіздігі дұрыс пациентке дұрыс дене мүшесінде дұрыс емшараны қамтамасыз ету үшін стандартталған операция алды верификация (пациенттің жоспарланған инвазиялық процедураға сәйкестігін растау) және тайм-ауттың (медициналық қызметкерлердің хирургиялық операцияларға немесе жоғары тәуекелді инвазиялық процедураларына дайын болуын тексеру) есебінен арттырылады

1)	Медициналық ұйымда операция орнын таңбалауды және (немесе) инвазивтік емшараны, операция алды тексеру рәсімдерін және дене мүшесінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін тайм-аут, дұрыс емшараны және операцияны және пациентті сәйкестендіруді сипаттайтын СОР әзірленеді *	I
----	--	---

2)	Дене бөлігін операцияны (емшараны) орындайтын дәрігер тәуекелі жоғары операцияның және инвазивтік емшараның алдында медициналық ұйымда бекітілген бірыңғай белгі түрінде таңбалайды. Медициналық ұйымда дененің белгілі бір бөліктерін таңбалаудың бірыңғай әдістері бекітіледі. Мысалы, тісті жұлу кезінде таңбалау үшін қағаз тасымалдағышта көрсетілген тіс формуласын немесе рентгенографияны қолдануға болады.	I
3)	Медициналық ұйымның басшылығымен бекітілген рәсімдерге және нысанға мына процестерді тексеруді қамтитын операция алдындағы верификация жүзеге асырылады: пациенттің өзінің идентификаторларын (толық аты, туған жылы) растауы пациенттің оперативтік араласуды немесе тәуекелі жоғары емшарасын жүзеге асыруға ақпараттық келісімін растауы пациенттің оперативтік араласуды (дене және/немесе ағза жағы және учаскесі) растауы операция орнын таңбалау пациенттің аллергиясының болуы немесе болмауы пациенттің тыныс алу жолының мәселелері	I
4)	Барлық хирургиялық команда мына сатыларды қамтитын тайм-аут рәсіміне қатысады: пациентті сәйкестендіру; операциялық араласу атауын немесе инвазивтік емшараны растау; операциялық араласу участкесін және жағын немесе инвазивтік емшараны растау; хирургиялық бригаданың операцияға дайындығы жабдықтардың, медициналық және стоматологиялық бұйымдардың дайындығы Тайм-аут медициналық картада құжатталады. Сайн-аут стоматологиялық науқастың медициналық картасында орындалады және құжатталады.	I
5)	Операция алды верификациялауды және тайм-аут рәсімін орындау пациенттің қауіпсіздігін арттыру үшін пайдаланылатын индикаторлар арқылы мониторингіленеді **	I
56. Қол гигиенасы. Пациенттердің қауіпсіздігі медициналық көмекке байланысты инфекциялардың алдын алу үшін қол гигиенасы бойынша кешенді шаралар арқылы артады		
1)	Қолды жуу (қолды өңдеу) түрлері мен кезеңдерін, сондай-ақ қолды өңдеуге арналған көрсеткіштерді сипаттайтын дәлелдемелік базаға (әдебиетке) негізделген рәсімдер әзірленеді және орындалады *.	I
2)	Қолды өңдеу рәсімдері бүкіл медициналық ұйымда орындалады	I
3)	Қолды өңдеу рәсімдерін орындау үшін ресурстар қажетті көлемде ұсынылған (осы Стандарттың 11-тармағының 3) тармақшасын, 26-тармағының 4) тармақшасын, 27-тармағының 2) тармақшасын қарау).	I
4)	Медициналық персонал қолды өңдеу түрлері, кезеңдері мен көрсеткіштері бойынша оқытылады **.	I
5)	Қолды өңдеу тәжірибесі пациенттің қауіпсіздігін арттыру үшін қолданылатын индикатор (индикаторлар) арқылы мониторингтеледі**.	I
57. Құлаудың алдын алу. Қауіпсіздік тәуекел тобындағы пациенттерде құлау қаупін бастапқы және қайта бағалау, сондай-ақ алдын алу шаралары мен қауіпсіз қоршаған орта арқылы арттырылады		
1)	Ұйымда пациенттердің құлау қаупін барынша азайтатын алдын алу шаралары ұйымдастырылатын пациенттердің топтары анықталады (сүйемелдеу, арбалар, таяқтар, балдақтар беру, бірінші және соңғы баспалдақтарды таңбалау және (немесе) басқа да іс-шаралар) *.	I

АСQH

2)	Құлау қаупін бағалау рәсімі нақты өлшемшарттарға ие және күндізгі стационарлық емделушілерге, сондай-ақ жоғары қауіпті қызметтерді алатын емделушілерге жасалады.	I
3)	Құлау қаупін бағалау және қайта бағалау (анестезиядан, хирургиядан немесе белгілі бір жоғары қауіпті емшаралардан кейін) қажет болған кезде орындалады және стоматологиялық пациенттің медициналық картасында уақытылы құжатталады **.	I
4)	Құлау қаупі жоғары пациенттерді сүйемелдеуді қоса алғанда, құлаудың алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер және медициналық ұйымның қағидаларында айқындалған басқа да іс-әрекеттер орындалады (осы Стандарттың 57-тармағының 1) тармақшасын қарау).	I
5)	Құлаудың алдын алу жөніндегі іс-шаралар пациенттің қауіпсіздігін арттыру үшін қолданылатын индикатор (индикаторлар) арқылы мониторингтеледі**.	I

2 Параграф. Пациенттің құқықтары

№	Стандарт және өлшенетін өлшемшарттар	Ранг
58. Медициналық көмекке қол жетімділік. Медициналық көмекке қол жетімділік оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де жеңілдетілген		
1)	Ғимаратқа кіру Қазақстан Республикасының заңнамасына және жергілікті атқарушы органдардың өкімдеріне сәйкес мүмкіндігі шектеулі адамдардың пайдалануы үшін қолжетімді жолдар мен пандустармен жабдықталған***.	II
2)	Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арбалар, балдақтар, таяқтар қолжетімді болып табылады.	II
3)	Мүмкіндігі шектеулі жандарға сүйемелдеуді қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер орындалады (осы Стандарттың 57-тармағының 4) тармақшасын қарау).	I
4)	Мүмкіндігі шектеулі пациенттерге арналған дәретханаларда, күндізгі стационар палаталарында және медициналық ұйымның басшылығы айқындаған басқа орындарда медициналық персонал тарапынан шақыру батырмалары немесе басқа да көмекке шақыру құралдары болады. Мүмкіндігі шектеулі пациенттерге арналған дәретханалар тұтқалармен жабдықталған.	I
5)	Ғимараттың кіреберісі тұтқалармен, таяныштармен, тактильді жолдармен жабдықталған	I
59. Пациенттің құқықтары мен міндеттері бойынша рәсімдер. Медициналық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пациенттердің құқықтарын сақтауға және олардың міндеттері туралы хабардар етуге бағытталған рәсімдерді әзірлейді және енгізеді ***		
1)	Медициналық ұйым құпиялылыққа құқықты, құрметпен қарауға, көрсетілетін медициналық көмекке (қызметке) қатысты ақпаратқа қолжетімділікті қоса алғанда, көрнекі үгіт орындарында (мысалы, күту холлдарындағы постерлер немесе бейнероликтер) пациенттер үшін өз құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді**	II
2)	Үгіт орындарында пациенттердің және олардың заңды өкілдерінің құқықтары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылған **.	III
3)	Пациенттер өз денсаулықтары үшін өздерінің құқықтары мен ортақ жауапкершіліктері туралы хабардар етіледі, оған дәрігерді алдыңғы аурулар, емдеу, тексерулер туралы хабардар ету, медициналық персоналдың ұсынымдарын орындау қажеттілігі кіреді (мысалы, жалпы ақпараттандырылған келісім, стендтердегі ақпарат, бейнероликтер арқылы) (осы Стандарттың 62-тармағының 4) тармақшасын қарау).	II

4)	Пациенттер өз міндеттері туралы, оның ішінде медицина қызметкерлерімен қарым-қатынаста құрмет пен әдептілік көрсету, басқа пациенттердің құқықтарын бұзатын әрекеттерді жасамау міндеттері туралы хабардар етіледі (мысалы, жалпы ақпараттандырылған келісім, стендтердегі ақпарат, бейнероликтер арқылы) (осы Стандарттың 62-тармағының 4) тармақшасын қарау)	II
5)	Барлық қызметкерлер пациенттердің және олардың заңды өкілдерінің құқықтарын, соның ішінде құпиялылық құқықтарын, құрметпен қарауды, қауіпсіздікті және емдеуге қатысты ақпаратқа толық қол жетімділікті біледі және оқытылған**.	II
60. Кедергілер мен артықшылықтар. Медициналық көмектің қолжетімділік тәуекелдері (жас, физикалық, тіл, мәдени және пациенттердің басқа да шектеулері) анықталады және азаяды, құпиялылық қамтамасыз етіледі		
1)	Медициналық ұйымның ғимараты (ғимараттары), ғимараттың (ғимараттардың) үй-жайлары (дәліздер, холлдар) және оған іргелес аумақ қажетті ақпараттық және нұсқаушы белгілермен жабдықталған.	III
2)	Коммуникативтік проблемалары бар (тілдік тосқауыл, есту қабілетінің жоғалуы, сөйлеу қабілетінің жоғалуы) пациенттерді емдеу кезінде медициналық ұйым оларды тиісті медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.	II
3)	Медицина қызметкерлері пациенттердің мәдени немесе рухани қалауларын шектемейді және пациенттердің рухани көмекке қол жеткізуіне кедергі жасамайды. Пациентті тексеру, емдеу және диагностикалық емшаралар оның мәдени және діни сенімдерін ескереді.	II
4)	Медициналық ұйым мәдени және діни сенімдер бойынша құпиялылық қажеттілігін қоса алғанда, емделу және күтім көрсету процесінде пациенттің құпиялылығын қамтамасыз етеді	II
5)	Пациент күндізгі стационарға түскен кезде орта медициналық персонал бөлімшенің жұмыс режимі, қол гигиенасы, санитарлық тораптардың орналасуы, құлаудың алдын алу, шақыру батырмалары, пациенттің құқықтары туралы пациентке нұсқау береді, емдеуші дәрігер туралы ақпарат береді. Нұсқаулық стоматологиялық науқастың медициналық картасында пациенттің қолымен құжатталады (мысалы, медициналық картада, журналда немесе жалпы ақпараттандырылған келісімнің артында жеке нысанда).	I
61. Пациенттердің және олардың заңды өкілдерінің өтініштері. Пациенттердің және олардың заңды өкілдерінің өтініштері уақытылы және объективті қабылданады және қаралады		
1)	Ұйымда пациенттерден және олардың заңды өкілдерінен пациенттің құқықтарын бұзуға қатысты өтініштерді қабылдау процесі бар және қолданылады, қызметкерлер бұл процесс туралы біледі.	II
2)	Өтініш беру рәсімі туралы ақпарат пациенттер үшін қолжетімді болып табылады. Тіркеу бөлімінде өтініштер (шағымдар, алғыс білдіру) журналдары бар және олар пациенттердің сұранымы бойынша беріледі.	II
3)	Пациенттердің және олардың заңды өкілдерінің өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған уақыт кезеңі ішінде уақытылы және объективті қаралады***.	II
4)	Пациентті қолдау және сапаны бақылау қызметінің персоналы медициналық ұйымда бекітілген рәсімдерге сәйкес өтініштерді жинауды, өңдеуді, талдауды және мониторингті жүргізеді.	I
5)	Өтініштерді талдау нәтижелері ұйымның медициналық қызметтерінің сапасын арттыру үшін қолданылады.	II
